

## Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 120 бұйрығы

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Министр*

*А. Ертаев*

бұйрығымен бекітілген

## Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 292 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандартына қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында:

13-тармақтың он бірінші және он екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар;

цифрлық жүйелерді пайдалану тәртібі;"

15-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмыскерлердің ғылыми-техникалық және экономикалық білімдерін арттыру және ұйымның сыртқы және ішкі ақпараттық ортасын құру мақсатында жаңа цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ұйымның бөлімшелері мен жекелеген жұмыскерлерін отандық және шетелдік ғылым, техника, экономика жетістіктері алдыңғы қатарлы өндірістік тәжірибе туралы арнайы дайындалған ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;"

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйымның ақпараттық-анықтамалық қорын жасауды басқарады, қазіргі заманауи ақпараттық-іздістіру жүйесін енгізуді, отандық және шетелдік материалдармен жиынтықтау тақырыптық жоспарларының және жаңа цифрлық технологияларды пайдаланудың негізінде қорды жүйелі толықтыруды қамтамасыз етеді;"

16-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жаңа цифрлық технологиялар;"

18-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бөлімшелердің ұйымда орындалатын зерттеулер мен әзірлемелердің техникалық тапсырмаларын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етеді, ақпаратты кешенді қорғаудың талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз цифрлық технологияларды жасау бойынша жұмыстың мақсаты мен міндетін қалыптастырады;"

21-тармақтың жетінші және сегізінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық жүйелерін қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық шараларды жұмыс жоспарларымен бағдарламаларына енгізу үшін ұсыныстар дайындайды;

ақпаратты кешенді қорғау талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз цифрлық технологияларды құру бойынша жұмыстарға қатысады;"

9, 10 және 11-параграфтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-параграф. Әлеуметтік даму бөлімінің бастығы

33. Лауазымдық міндеттері:

тұрақты еңбек ұжымдарының қалыптасуына, ұйымдастырушылық мәдениеттің дамуына, әр жұмыскердің еңбек әлеуетін барынша дамыту және пайдалану мақсатында жұмыскерлерді еңбекке уәждемелеудің, олардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттырудың әлеуметтік-психологиялық факторларын пайдалануға бағытталған ұйымдағы социологиялық жұмысқа басшылықты жүзеге асырады;

нарықтық экономика жағдайында, дамудың ішкі мен сыртқы факторларын есепке алып ұйымның мақсаттарына, стратегияларына және кадрлық саясатына сәйкес әлеуметтік болжамдар мен әлеуметтік процестерді модельдеу негізінде әлеуметтік дамудың мақсаттық бағдарламалары мен жоспарларының әзірлеуі мен іске асырылуын қамтамасыз етеді;

еңбек ұжымдарын тұрақтандыру, персоналдың әлеуметтік құрылымын, оның демографиялық және кәсіби-біліктілік құрамын жетілдіру бойынша жұмыстарды жүргізеді;

жұмыскерлер санын реттеу, олардың жалпы білім беру мен мәдени-техникалық деңгейін жоғарылату, тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту, ұжымда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат, тиімді тұлғааралық пен топаралық байланыстар құру және ұстап тұру, жаңадан қабылданған жұмыскерлердің бейімделуі бойынша ұсыныстар дайындауды ұйымдастырады;

еңбек жағдайлары мен мазмұнын және олардың еңбекке қанағаттануға әсерін зерттейді, әсіресе жастардың, жұмыстың эргономикалық, санитариялық-гигиеналық жағдайларын жақсарту, еңбектің қорғалуы мен жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күрделі жабдықтардың жаңа түрлерін игеру процесін енгізуді әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету, ауыр және аз біліктілікті қажет ететін қол еңбегін қысқарту, еңбектің тартымдылығын, беделділігін және мәдениетін көтеру бойынша шаралардың әзірленуін ұйымдастырады;

әлеуметтік нормативтердің есебін қамтамасыз ету мақсатымен өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы объектілерінің құрылысы мен реконструкциясы жобаларын сараптауға қатысады;

жұмыскерлердің еңбектік және әлеуметтік белсенділігін, іске шығармашылық қатынасын, бірлесе атқарған қызмет нәтижелеріне топтық және жеке жауапкершілікті жоғарылатуды материалдық, әлеуметтік-мәдени және адамгершілік-психологиялық ынталандыру жүйелерін жетілдіру бойынша жұмысты басқарады;

жұмыскерлерге көзделген кепілдерді қамтамасыз ету мен сақтауды бақылайды, еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу шеңберінде ұйым жұмыскерлерін материалдық және әлеуметтік қолдау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеуді басқарады;

жұмыскерлерге құқықтық және қаржылық мәселелер бойынша, еңбек мәселелері бойынша консультация беруді, ұйым жұмыскерлеріне әртүрлі әлеуметтік жеңілдіктер беру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді ұйымдастырады;

әлеуметтік қызмет ісіне компьютерлік технологияны және механикаландыру құралдарын кеңінен енгізуді, олардың ақпараттық қорын нығайтуды қамтамасыз етеді;

ұйым жұмыскерлерінің әлеуметтік процестерді басқарудың әлеуметтік-психологиялық тәсілдерін оқуы бойынша дәрістер, семинарлар өткізуді, бөлімшелерге еңбек ұжымдарын әлеуметтік дамыту жөніндегі іс-шаралар әзірлеуде әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастырады, олардың өндірістің әлеуметтік резервтерін анықтау және пайдалану және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру бойынша қызметін үйлестіреді;

бөлім жұмыскерлеріне басшылық жасайды.

#### 34. Білуге тиіс:

әлеуметтік даму мәселелері бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілері және әдістемелік материалдар;

ұйымның мақсаттары, стратегиясы және кадрлық саясаты, ұйымның бейіні, мамандануы және құрылымының ерекшеліктері, еңбек әлеуметтануы, психологиясы және физиологиясы, қарым-қатынас психологиясы;

адами ресурстарды дамыту теориясының негіздері;

әлеуметтік жоспарлау негіздері;

психологиялық тестілеу әдістері;

социологиялық зерттеулер жүргізу, қоғамдық пікірді зерделеу әдістері;

ұйымның әлеуметтік дамуының жоспарларын және бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен әдістері;

ұйымның әлеуметтік дамуын басқаруды ұйымдастыру;

әлеуметтік нормативтер, инженерлік және әлеуметтік психология;

әлеуметтік бағдарламаларды орындау және олардың экономикалық тиімділігін талдауды жүргізу әдістері;

еңбекке ақы төлеу, материалдық пен моральдық ынталандыру нысандары мен жүйелері;

әлеуметтік процестерді басқарудың озық отандық және шетелдік тәжірибесі;

есептеу техникасы, коммуникация мен байланыс құралдары;

экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері;

еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

#### 35. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша басшы және персоналды басқару бойынша өзге де лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.

10-параграф. Байқау кеңесінің хатшысы

#### 36. Лауазымдық міндеттері:

байқау кеңесі төрағасының тапсырмаларын орындайды;

байқау кеңесінің төраға басшылығындағы отырыстарда қатысады;

байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

отырыстарда қатысатын байқау кеңесі мүшелерін тіркейді;

байқау кеңесі мүшелерінен келіп түскен ұсыныстарына сәйкес байқау кеңесінің кезекті отырысының күн тәртібі жобасын дайындауға қатысады;

байқау кеңесі мүшелерінен байқау кеңесінің жұмыс жоспарын құру бойынша ұсыныстарын жинау және байқау кеңесі жұмысының жоспары жобасын төрағаға ұсынуды қамтамасыз етеді;

байқау кеңесі мүшелерін және шақырылған адамдарға отырысты өткізетін уақыты мен орны туралы хабарлайды;

байқау кеңесі отырыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті материалдарды дайындайды және жібереді;

байқау кеңесі отырыстарының, оның ішінде қатысушы мүшелердің келісімімен аудио-, бейнетаспаға жазуды ұйымдастырады;

байқау кеңесі отырыстары хаттамалары және байқау кеңесі отырыстары хаттамаларынан үзінділеріне қол қоюды және ресімдеуді жүргізеді;

байқау кеңесі бекітілген құжаттарды жібереді, қажетті кезде ұйым қызметкерлеріне байқау кеңесі отырыстарында қабылданған шешімдер туралы ақпаратты жеткізеді;

байқау кеңесінің мүшелеріне жабық дауыс беру және байқау кеңесінің мүшелері толтырған бюллетеньдерді жинау жолымен қабылданатын байқау кеңесінің дауыс беруге және шешімдер қабылдауға арналған бюллетеньдерді жібереді;

жабық дауыс беру арқылы қабылдаған дауыс беру қорытындыларын шығарады;

байқау кеңесі атынан сұрау салуды және хаттарға жауаптарды дайындайды;

байқау кеңесіне оның отырыстарын өткізу туралы түскен ұсыныстарын жүргізуді іске асырады;

байқау кеңесінің барлық мүшелеріне келіп түскен ұсыныстар туралы хабарлайды және ұсыныстарда көрсетілген мәселелерді қарау және шешуде әр мүшенің мүдделілігін анықтайды;

байқаушы кеңестің жаңадан сайланған мүшелеріне ұйымдағы байқау кеңесі және ұйымның өзге де органдары қызметі қолданыстағы тәртібі, ұйымның ұйымдастырушылық құрылымын және байқау кеңесі мүшелерінің міндеттерін ұқыпты орындау үшін маңызы бар өзге де ақпаратты түсіндіреді;

жабық дауыс беру арқылы байқау кеңесі отырыстарында қабылданатын шешімдерді және хаттамаларды, жабық дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдерді қабылдау үшін байқау кеңесі мүшелері жіберген дауыс беру үшін бюллетеньдерді сақтауын қамтамасыз етеді;

байқау кеңесінің кіріс және шығыс құжаттарын, олардың көшірмелерін тіркеу және сақталуын жүргізеді;

мүдделі адамдарға архив құжаттары мен үзінділерін ұсынады.

### 37. Білуге тиіс:

кәсіпорындар мен ұйымдардың корпоративтік басқару органдары қызметін реттейтін және құқықтарын анықтайтын заңнамалық және құқықтық актілері;

жарғы және ұйымдар мен кәсіпорындарда корпоративтік қарым-қатынастарды, байқаушы кеңесі және оның органдары функцияларын реттеу өзге құжаттарды;

байқау кеңесі отырыстарын өткізу, сондай-ақ корпоративтік басқару процедураларын іске асыру тәртібі мен дайындау тәртібін;

мемлекеттік ұйым туралы ақпараттарды ашу тәртібі;

монополияға қарсы және салық заңнамасының, жекешелендіру туралы заңнамасының негіздері, төрелік тәжірибесі;

корпоративтік мінез-құлық кодексі;

халықаралық корпоративтік заңнамалық негіздері;

корпоративтік басқарудың озық отандық және шетелдік тәжірибесін көрсететін нормативтік құжаттар;

корпоративтік жанжалдарды реттеу тәртібі;

ақпаратты қабылдау, өңдеу және жіберу әдістері мен құралдары;

ақпаратты техникалық қорғау мәселелері бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттар;

цифрлық технологиялары;

цифрлық жүйелерін қолдану тәртібі;

келіссөздерді және жүргізу тәртібі мен ұйымдастыру;

корпоративтік мінез-құлықтың моральдық-этикалық стандарттары;

экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері;

еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

### 38. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және корпоративтік басқару бойынша арнайы дайындығы, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

11-параграф. Бақылау (учаскенің, цехтың) мастері

### 39. Лауазымдық міндеттері:

бекітілген учаскеде өнімдер мен қызметтердің сапасын көтеру және бақылау, шығарылатын өнімдердің жиынтықтылығы және ақаулықты есептеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

өнімдердің (бұйымдар, жартылай фабрикаттардың) сорттылығын бекіту дұрыстығын, оның бекітілген үлгілерге (эталондарға), стандарттарға, техникалық шарттарға және өзге де нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкестігін, өндірістік процестің барлық сатысында техникалық режимдердің, жұмыс орындарда техникалық бақылау бойынша нұсқаулықтар мен әдістемелердің сақталуын, буып-түю және ыдыс

сапасын, жабдықтың және көлік құралдарының техникалық жай-күйін, шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың, жинақтаушы бұйымдардың, дайын өнімдердің сақталуын бақылайды;

шығарылатын немесе жеткізілетін бұйымдардың сапасын және жиынтықтылығын куәландыратын техникалық құжаттаманы (паспорттар, сертификаттар) ресімдеу, өнімді сапа санаттары бойынша аттестациялау жөніндегі жұмыстарды басқарады;

өндірістік жабдықтың және құралдардың дәлдігін, бақылау-өлшеу құралдарының жай-күйін тексеру кестесінің сақталуын, олардың жұмыс орындарда болуын, мемлекеттік тексеру үшін уақытында ұсынылуын қадағалайды;

белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімдерді өндірудің алдын алу, ақаулықтың себептері мен ол үшін айыптыларды анықтау, дайын өнімге рекламацияның түсуі, сонымен қатар өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын көтеруге бағытталған іс-шараларды әзірлеу және енгізу бойынша шаралар қолданады;

өнім сапасын басқарудың аса жетілген жүйесін, бақылау әдістерін (бұйымдардың, материалдардың және жартылай фабрикаттардың келіп түскен құрамдас бөлшектерінің кіріс бақылауын қосқанда), жаңа және қайта қаралған қолданыстағы стандарттарды, техникалық шарттар мен өзге де нормативтер мен нұсқаулықтарды әзірлеуге және енгізуге қатысады;

бағыныштылардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау тәртібін, қауіпсіздік техникасын, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібінің тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

тапсырыс берушілерге дайын өнімді, орындалған жұмыстарды (қызметтерді) тапсыруға қатысады;

жұмысшылардың кәсіптік шеберлігін және біліктілігін арттыруға, оларды оқытуға, озық тәжірибені енгізуге жәрдемдеседі.

#### 40. Білуге тиіс:

өнім сапасын басқару бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілері, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар;

өндірістің технологиялық процестері және режимдері, шығарылатын өнімнің негізгі технологиялық және конструктивтік деректері;

шикізатқа, материалдарға, жартылай фабрикаттарға, құраушы бұйымдарға және дайын өнімге қойылатын техникалық және экономикалық талаптар;

экономикалық қызмет түрінде және ұйымда қолданыстағы стандарттар, техникалық шарттар;

сапалы көрсеткіштердің нормативтері;

технологиялық нұсқаулықтар, өндірістің техникалық бақылау жүйелері, құралдары мен әдістері;

дайын өнімді, шикізатты, материалдарды, жартылай фабрикатарды, құраушы бұйымдарды қабылдау және сақтау тәртібі;  
сынамаларды сұрыптау әдістері;  
өнімдерді буып-түю және таңбалау тәртібі;  
тауарлық белгілер мен кодтар туралы тәртібі;  
өнеркәсіп өнімінің сапасын аттестациялау тәртібі, өндірістік ақаулықтардың түрлері , олардың алдын алу және жою әдістері;  
өнімді қабылдау және сынақтан өткізу тәртібі;  
өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сапасын куәландыратын техникалық құжаттаманы рәсімдеу тәртібі;  
экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері;  
еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

41. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және өндірісте кемінде 1 жыл жұмыс өтілі немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және өндірісте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.";

42-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйымдағы және оның бөлімшелеріндегі бухгалтерлік есеп және есептіліктің онтайлы ұйымдастырылуын есептеу жұмыстарын барынша орталықтандыру және заманауи техникалық құралдар мен цифрлық технологияларды, есептеу мен бақылаудың дамыған нысандары мен әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етеді;"

48-тармақтың жиырмамыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"диспетчерлердің жұмысына басшылық жасайды, бөлімше қызметінің ақпараттық қамтамасыз етілуін бақылайды, қазіргі заманғы техниканы енгізуге және цифрлық технологияларды пайдалануға немесе диспетчерлік журналдарды және өзге де техникалық құжаттаманы жүргізуге жәрдемдеседі.";

90-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді (автоматтандырылған цифрлық жүйені енгізу);" ;

93-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін (автоматтандырылған цифрлық жүйені енгізу) белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді;" ;

96-тармақтың он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"зертхана жұмысында заманауи цифрлық технологиялар мен есептеуіш техника, коммуникация, байланыс құралдарын қолдану негізінде әлеуметтік ақпаратты өңдеуді қамтамасыз етеді";

99-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйымды заманауи цифрлық технологияларды өндіру мен басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық қызметтер нарығын зерделеуді және талдауды жүргізеді";

118-тармақтың он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жобаны басқару бойынша цифрлық жүйелерді пайдалану принциптері";

121-тармақтың он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жобаны басқаруда цифрлық жүйелерді қолдану әдістері";

135-тармақтың он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйымға келіп түсетін заңнамалық және нормативтік актілердің, сондай-ақ басшысы шығаратын актілердің жүйелендірілген есебін, сақталуын ұйымдастырады, кодификациялануын қамтамасыз етеді, қазіргі заманғы цифрлық технологияларды, есептеу техникасы, коммуникациялар мен байланыс құралдарын қолдану негізінде оларға пайдаланушылардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді";

136-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдалана отырып құқықтық құжаттаманы жүйелеу, есепке алу және жүргізу тәртібі";

148-тармақтың он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялардың даму перспективасы мен бағыттары";

151-тармақтың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгіленген есептілікті жасау тәртібі, қазіргі заманғы цифрлық технологияларды кадр қызметінің жұмысында пайдалану мүмкіндігі, персоналмен жұмыс істеудің алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік тәжірибесі";

172-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып құқықтық құжаттаманы жүйелеу, есепке алу және жүргізу тәртібі";

178-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар және бұқаралық коммуникациялық құралдарды дамыту бағыты және перспективалар";

73-параграф тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"73-параграф. Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесі бөлімінің (цифрлық технологиялар орталығының немесе бөлімшесінің) бастығы";

240-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өндірісте өнертабыстардың, өнеркәсіптік үлгілердің және рационализаторлық ұсыныстардың пайдаланылуына, сондай-ақ шығарылатын өнімнің техникалық деңгейіне бақылау жүргізеді, рационализациялық ұсыныстар мен өнертабыстардың есепке алынуы мен жүйеленуін, енгізілген өнертабыстардың картотекасының

жүргізілуін, патенттік қордың жаңа цифрлық технологияларды қолданумен жинақталуын және оған анықтамалық аппараттың жасалуын, рационализаторлық ұсыныстар мен өнертабыстардың экономикалық тиімділігін есептеуді, авторлық сыйақы мөлшерін айқындаудың дұрыстығын қамтамасыз етеді;"

244-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық жүйелерді пайдалана отырып кәсіптер мен лауазымдарды іздеу технологиясы;"

250-тармақтың сегізінші және тоғызыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"еңбек нарығының цифрлық дерекқорлары;

цифрлық жүйелерді қолдана отырып, кәсіптер мен лауазымдарды іздеу технологиясы;"

273-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"озық цифрлық технологиялар мен есептеу құралдарын қолдану негізінде экономикалық зерттеулерді жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;"

315-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақпаратты қорғаудың арнайы техникалық және бағдарламалық-математикалық құралдарын жобалау және енгізу, цифрлық жүйелерді қорғауды ұйымдастыру және техникалық шараларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізеді;"

321-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"зерттеулер мен әзірлемелердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік және коммерциялық құпияны сақтау жұмыстарына қатысады;"

324-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақпаратты енгізу бойынша шектеулерді, қауіпсіздікті бұзу инциденттерін басқару рәсімдерін анықтайды және олардың пайда болуына жол бермейді, қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, қорлардың қолжетімділігі туралы келісіммен байланысты ашық цифрлық жүйелерге қосылу тәртібін, ақпаратты сақтау, өңдеу және көшіру орындарына қойылатын талаптарды, негізгі және қосымша телекоммуникациялық сервистерді (қызметтерді) пайдалану бойынша қызмет көрсетудің артықшылықтарын айқындайды;"

325-тармақтың он бірінші және он екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын

:

"цифрлық объектілерін жобалау және аттестаттау тәртібі;

цифрлық объектілерінде ақпаратты қорғаудың тиімділігін бақылау;"

327-тармақта:

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"пайдаланушылар өкілеттіктерінің ара-жігін ажыратуды және цифрлық ресурстарға қол жеткізу тәртібін, негізгі және қосалқы техникалық құралдар мен жүйелерді пайдалану тәртібін белгілейді;"

алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақпаратты өңдеудің белгіленген технологиясын сақтамау және киберқауіпсіздік талаптарын орындамау кезінде жұмысты тоқтатады, ақпаратты қорғаудың технологиялық шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды;"

328-тармақта:

төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қорғалуға тиіс цифрлық объектілері;"

алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қолданылатын цифрлық технологиялар мен жүйелер;"

оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық объектілерінің негізгі және қосалқы техникалық құралдармен және жүйелермен, ақпаратты техникалық қорғау кешендерімен және құралдарымен, автоматтандырылған басқару жүйелерінің қауіпсіздік сервистерімен және тетіктерімен жарактандырылуы;"

он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қауіпсіздік жүйелерінің жай-күйін бағалау, ақпараттың таралып кету арналарын анықтау, сыни есептеу және цифрлық ресурстарды резервтеу және қайталау процесін бақылау әдістері;"

349-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар, жарнама, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;"

357-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар бойынша маманға қажетті ақпаратты ұсынады;"

381-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйым жұмыскерлерінің ғылыми-техникалық және экономикалық ақпаратқа қажеттілігін зерделейді және жаңа цифрлық технологияларды қолданумен, жұмыскерлердің ғылыми-техникалық және экономикалық білімдерін жоғарылатуға, нарықтың шарттарына бейімделуге мүмкіндік беретін ұйымның ішкі және сыртқы ақпараттық ортасын құру мақсатында оларды ғылым, техника, экономика және озық өндірістік тәжірибедегі жетістіктер туралы материалдармен анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;"

382-тармақтың алтыншы және жетінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"ақпараттық жұмысты жоспарлау мен ұйымдастыру әдістері;

жаңа цифрлық технологиялар;"

399-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін (автоматтандырылған цифрлық жүйені енгізу) белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді;"

417-тармақтың он бірінші және он екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын

:

"цифрландыру мен байланыс, оның ішінде оның міндетті талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды дайындау жөніндегі техникалық құжаттама сараптамасын жүргізеді

;

ақпараттық-есептеу жүйелерінің аппараттық және бағдарламалық құралдарын пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, сондай-ақ цифрландыру және байланыс саласындағы техникалық тапсырмалар мен шарттарды дайындауды және келісуді қамтамасыз етеді;"

427-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар мен жүйелер саласындағы мәселелерді реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері;"

429-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заманауи цифрлық технологиялар мен есептеу құралдарын қолдану негізінде анықтамалық құжаттаманы дайындайды;"

430-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдалана отырып, құқықтық құжаттаманы жүйелендіру, есепке алу және жүргізу тәртібі;"

433-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып, құқықтық құжатты жүйелеу, есепке алу және жүргізу тәртібі;"

448-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, басшылық, нормативтік және әдістемелік материалдар;"

460-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, электр жабдықтарын пайдалану және жөндеу мәселелері бойынша әдістемелік және өзге де материалдар;"

463-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық технологиялар саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, электрондық жабдықты пайдалану және жөндеу мәселелері бойынша әдістемелік және өзге де материалдар;"

498-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жаңа цифрлық технологияларды, оның ішінде есептеу-тексеру жұмыстарының тиімділігін жоғарылатуға бағытталған электрондық-есептеу техникасы құралдарын қолдана отырып әзірлеуге, тестілеуге және енгізуге қатысады;"

499-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық жүйелерді ұйымдастыру мен жүргізу, ақпаратты өңдеу технологиялары;"

504-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"міндеттерді қоюға, автоматтандырылған цифрлық жүйелерді және басқару жүйелерін пайдалануға және жетілдіруге (ақпараттық қамтамасыз ету бойынша), сондай-ақ деректер қорлары мен банкілерін жобалау мен жандандырудың есептеу және микропроцессорлық техникасын қолдануға негізделетін ең жаңа цифрлық технологияларды (оның ішінде компьютерлік) әзірлеуге қатысады;"

505-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"басқарудың автоматтандырылған цифрлық жүйелерін жобалау және пайдалану бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттар;"

558-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ұйымның жұмыс көрсеткіштерін, өндірістік мәселелерді шешу кезіндегі әрекеттерді басқару әдістерін зерттейді және еңбекті басқару тиімділігін жоғарылату мүмкіндігін іздейді, қазіргі заманғы цифрлық технологияларды қолданып басқару мәселелерін кешенді шешудің ғылыми негізделген әдістерін пайдалану жөніндегі ұсыныстарды дайындайды;"

84-параграф тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"84-параграф. Өндірісті басқарудың (цифрлық технологиялар бөлімшесінің немесе орталығының) автоматтандырылған жүйелері бойынша инженер";

577-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жаңа цифрлық технологиялар;"

589-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қазіргі заманғы цифрлық технологиялар;"

615-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жаңа цифрлық технологияларды пайдалана отырып, конструкторлық-әрлеу материалдары мен сыртқы безендіру заттарының ең ұтымды нұсқаларын іздестіруді, көлемдік-кеңістіктік және графикалық жобалауды, бұйымдардың нысандарын бөлектеуді жүзеге асырады;"

653-14-тармақтың он төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"еңбек өнімділігі мен тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізуді талдау және қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау сапасының, өзіндік құнының, өндірістік көрсеткіштерін төмендетпей еңбек шығындарын қысқарту үшін резервтерді айқындау мақсатында өндірістік цифрлық жүйелердің деректерін бақылауды және талдауды жүзеге асырады;"

653-15-тармақтың он жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"цифрлық жүйелерден деректерді алу тәсілдері, сондай-ақ оларды талдау мен жалпылаудың заманауи әдістері;"

691-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"іс жүргізу стандарттары, қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдалана отырып, құқықтық құжаттаманы жүйелеу, есепке алу және жүргізу тәртібі;"

792-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қазақстандық ғылымды әлемнің ғылыми-ақпараттық кеңістігінде біріктіру (интеграция) бойынша шаралар қабылдайды, осы бағытта елдермен ғылыми-техникалық және білім беру кеңістігіндегі өзара тиімді ынтымақтастықты ұлғайтады, заманауи цифрлық технологияларды белсенді қолданады және дамытады;"

1-қосымшада:

реттік нөмірі 73-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

73	Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесі бөлімінің бастығы (цифрлық технологиялар орталығының немесе бөлімшесінің) бастығы	§ 73	142
----	--	------	-----

".

реттік нөмірі 185-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

185	Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелері бойынша инженер (цифрлық технологиялар бөлімшесінің немесе орталығының)	§ 84	342
-----	--	------	-----

".

2-қосымшада:

реттік нөмірі 75-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

75	Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесі бөлімінің бастығы (ӨБЖ) (цифрлық технологиялар ортасы немесе бөлімшелері)	Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесі бөлімінің бастығы (цифрлық технологиялар орталығының немесе бөлімшесінің) бастығы	§ 73	142
----	--	--	------	-----

".

реттік нөмірі 187-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

187	Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелері бойынша инженер (бөлімше немесе	Өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелері бойынша инженер (цифрлық		342
-----	--	---	--	-----

	цифрлық технологиялар орталығы)	технологиялар бөлімшесінің немесе орталығының)	§ 84	
--	---------------------------------	--	------	--

"

3. "Кәсіби мерекелердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 258 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіби мерекелердің тізбесінде: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 9-1-жолмен толықтырылсын:

"

9-1	Кітапханашы күні	– 23 сәуір
-----	------------------	------------

";

реттік нөмірі 55-жол алып тасталсын;  
63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

63	Цифрландыру және цифрлық технологиялар жұмыскерлері күні	– 10 қараша
----	--	-------------

"

4. "HR саласындағы "Адам ресурстарын басқару" кәсіптік стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 5 желтоқсандағы № 449 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту" кәсіптік стандартта:

9-12-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"

<b>9. "Персоналды дамыту жөніндегі функционалдық басшы" кәсіптің карточкасы:</b>	
Топтың коды:	1222-0
Қызмет атауының коды:	1222-0-010
Кәсіптің атауы:	Персоналды дамыту жөніндегі функционалдық басшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелді). Кадрларды даярлау бөлімінің бастығы
	Білім деңгейі:

Кәсіптік білім деңгейі:	жоғары оқу орнынан кейінгі білім ( магистратура, резидентура)	Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл, оның ішінде HR саласында кемінде 3 жыл.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1222-0-011 - Дарындарды басқару жөніндегі басшы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Оқу және даму мәдениетін, ұйымдағы білімді басқару жүйесін қалыптастыру. Персоналды оқыту және дамыту процесінің дизайны және безендірілуі. Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерінің тиімділігін бағалау.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<p>1. Оқу және даму мәдениетін, ұйымдағы білімді басқару жүйесін қалыптастыру;</p> <p>2. Ұйымда персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерін әзірлеу және енгізу;</p> <p>3. Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерінің тиімділігін бағалау.</p>	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	Дағды 1: Ұйымда жұмыскерлерді оқыту мен дамыту қажеттілігін қалыптастыру	<p>Машықтар:</p> <p>1. Ұйымның контексін, бизнес стратегиясын және даму жоспарларын, оқытуға қажеттіліктің туындау көздерін (ұйымның сыртқы ортасындағы өзгерістер, технологиялық прогрестер, стратегиядағы өзгерістер, ұйымның құрылымы, ұйым ішіндегі персоналдың қозғалысы) ескере отырып талдайды және оқыту мен даму саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді дербес әзірлей алады немесе бейімдей алады;</p> <p>2. Ұйымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға, жұмыскерлердің оқуға дайындығы мен дайындық дәрежесіне талдау жүргізеді және талдау негізінде оқыту және дамыту тұжырымдамасы бойынша ұсыныстар дайындайды;</p> <p>3. Ұйымдағы процестер мен функцияларды, өндірістің әртүрлі учаскелерінде және нақты жұмыс орындарында жұмыс істеу ерекшеліктерін, персоналдың білімі мен құзыретіне қойылатын талаптарды талдайды және ұйымдағы лауазымдарға қойылатын талаптар мен жұмыскерлердің нақты деңгейі арасындағы алшақтықты (оның ішінде қызмет тиімділігін бағалау/аттестаттау нәтижелерін негізге ала отырып) қалай бағалауға болатынына сараптама бере алады;</p> <p>4. Жұмыскерлерді оқыту және дамыту бөлігінде бизнестің не күтетіні мен қажеттіліктері туралы</p>	

		стейкхолдерлерден кері байланыс жинауды қамтамасыз етеді.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Менеджмент негіздері, стратегиялық жоспарлау, ұйымдастырушылық мінез-құлық, өзгерістер мен тәуекелдерді басқару, еңбек экономикасы;</li> <li>2. Ұйымдастырушылық дизайн;</li> <li>3. Қазіргі заманғы маркетингтің негіздері, теориялары мен практикасы;</li> <li>4. Мансаптық консультация беру әдістері және персоналды кәсіби бағдарлау негіздері;</li> <li>5. Персоналдың білімі мен құзыретін бағалау құралдары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Еңбек функциясы 1: Оқу және даму мәдениетін, ұйымдағы білімді басқару жүйесін қалыптастыру;</p>	<p>Дағды 2: Жұмыскерлерді оқыту және дамыту стратегиясын әзірлеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқыту мен дамытуда анықталған қажеттілікті ескере отырып, жұмыскерлерді оқыту мен дамытудың стратегиялық көзқарасын, мақсаттарын, қағидаттарын қалыптастырады;</li> <li>2. Оқытудың әртүрлі құралдары мен тәсілдерін, сондай-ақ оқыту іс-шаралары мен ұйымның мақсатты корпоративтік мәдениеті арасындағы байланысты қолдана отырып, оқытудың бейімделу, даму, үздіксіздік және жүйелілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді;</li> <li>3. Бизнесінің стратегиялық мақсаттарына сәйкес жұмыскерлерді оқытудың басым бағыттарын айқындайды, оқу міндеттерінің стратегиялық басымдықтармен, ағымдағы процестермен, жұмыскерлердің дайындық деңгейімен, басқа оқу бағдарламаларымен арақатынасын қалыптастырады;</li> <li>4. Персоналды оқыту және дамыту процесінің тиімділігін, нәтижелілігін анықтау үшін HR-метрикаларын жоспарлайды;</li> <li>5. Ұйымда қолайлы орта мен оқу мәдениетін құру үшін коммуникация, жұмысшылар мен стейкхолдерлерді тарту жоспарларын әзірлейді;</li> <li>6. Жұмыскерлерді оқыту мен дамытуға байланысты бар тәуекелдерді анықтайды және есептей алады;</li> <li>7. Мүдделі тараптарға оқыту және дамыту бөлігінде сараптама ұсынады.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыскерлерді оқыту және дамыту саласындағы заманауи трендтер мен үздік тәжірибелер;</li> <li>2. Жұмыскерлерді ынталандыру және тарту әдістері;</li> <li>3. Жұмыскерлердің теңдігі саласындағы саясаттар мен тәжірибелер;</li> <li>4. Тұрақты даму принциптері;</li> <li>5. Оқыту және дамыту құралдары және олардың сипаттамасы;</li> </ol>

	<p>6. Оқыту және дамыту процесінің тиімділігі мен нәтижелілігінің HR-көрсеткіштері;</p> <p>7. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормалары;</p> <p>8. Компанияның ұйымдық/ корпоративтік мәдениетінің корпоративтік құндылықтары мен ерекшеліктері;</p> <p>9. Тәуекелдерді басқару.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
Дағды 3: Ұйымда білімді басқару жүйесін қалыптастыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білімді басқару жүйесін (knowledge management) құратындар: ұйымның цифрлық активтерін жинау, бағалау, жүйелеу, жинақтау және сақтау процестері;</li> <li>2. Жұмыскерлердің тәжірибесі мен құзыреттеріне сүйене отырып, ұйымның формальды білімі мен айқын емес білімін анықтайды және жіктейді;</li> <li>3. Тәжірибе мен білім беру үшін тәлімгерлік құралдарын енгізеді;</li> <li>4. Жұмыскерлерді дамыту жоспарларын құру және олардың орындалуын мерзімді бақылау арқылы жұмыскерлерді дамыту жүйесін енгізеді;</li> <li>5. Білімді тарату құралдарына ие және ұйымдағы білімді басқару жүйесі бойынша мүдделі тараптармен байланысты ұйымдастырады.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білімді басқару жүйелерін қалыптастырудың заманауи тенденциялары мен тәжірибелері;</li> <li>2. Менторлық және тәлімгерлік негіздері.</li> <li>3. Коучинг және консультация беру әдістері.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
Дағды 1: Ұйымда персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерін әзірлеу және енгізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту саласындағы үздік тәжірибелер мен әдістер бойынша бенчмарк жинауды бастайды және ұйымда бейімделу мен оқытудың тұжырымдамасы мен тәсілдерін әзірлейді;</li> <li>2. Бейімделу, оқыту және даму процестеріне қатысатын тараптардың жауапкершілік матрицасын құрайды;</li> <li>3. Жұмыскерлерді үздіксіз және тұрақты оқыту мен дамыту, оның ішінде жаңадан қабылданғандарды бейімдеу үшін жүйенің, цифрлық сервистердің құрылуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;</li> <li>4. Оқыту іс-шараларының жоспарын іске асыру үшін бюджеттің қалыптастырылуын және келісілуін бақылайды;</li> </ol>

		<p>5. Сыртқы оқыту жеткізушілерін таңдау үшін білім беру нарығын талдайды және оларды таңдау критерийлерін қалыптастырады;</p> <p>6. Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процесі бойынша уақтылы таныстыру коммуникациясын (түрлі деңгейлер үшін ақпараттық сессия өткізу) ұйымдастырады;</p> <p>7. Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерінің тиімділігін, нәтижелілігін анықтау үшін HR-метрикаларды есептеуді енгізеді;</p> <p>8. Оқыту процесін автоматтандыруды және цифрлық жүйелерді/ платформаларды әзірлеуге бастама жасайды.</p>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Менеджмент негіздері, стратегиялық жоспарлау, ұйымдастырушылық мінез-құлық, өзгерістерді басқару және тәуекелдерді басқару, еңбек экономикасы;</li> <li>2. Қазіргі маркетингтің негіздері, теориялары және практикасы;</li> <li>3. Персоналды оқыту және дамыту саласындағы заманауи трендтер мен бенчмарктер;</li> <li>4. Ынталандыру және жұмыскерлерді тартуды арттыру әдістері;</li> <li>5. Компаниялардағы адамдарды басқарудың тиімділігін арттыру әдістері;</li> <li>6. Компанияның ұйымдық/ корпоративтік мәдениетінің корпоративтік құндылықтары мен ерекшеліктері;</li> <li>7. HR көрсеткіштері.</li> </ol>
<p>Еңбек функциясы 2:          Ұйымда персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерін әзірлеу және енгізу</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:          -</p>	
	<p>Дағды 2:          Жұмыскерлерді бейімдеу, оқыту және дамыту бағдарламасын қалыптастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқыту іс-шаралары, бейімдеу бағдарламалары үшін бағдарламалар мен сценарийлерді қалыптастырады; ұйымның қажеттілігі және нарықтағы болашақ өзгерістер негізінде жеке, команда құраушы, корпоративтік оқыту іс-шараларын өткізу қажеттілігі туралы ұсынымдар;</li> <li>2. Компанияның мақсаттарына, бизнес қажеттілігіне, заманауи талаптарға және оқыту технологияларына сәйкес оқыту іс-шараларын жоспарлайды;</li> <li>3. Күрделі міндеттерді шешу, жобаларға қатысу, ротация арқылы жұмыс орнында оқытуды көздейді;</li> <li>4. Ұйымның ішкі тренерлер пулын іріктейді және қалыптастырады, тренерлер үшін тренинг ұйымдастырады, ішкі тренерлер үшін әдістемелік құралдар әзірлейді және тренинг бағдарламаларын жасау бойынша кеңес береді;</li> <li>5. Оқу іс-шараларын ілгерілету үшін маркетингті қолданады;</li> </ol>

	6. Ұйым персоналын оқытуға және дамытуға бөлінген бюджет пен лимиттерді бақылайды.
	Білімдер: 1. Персоналды кәсіптік бағдарлау негіздері; 2. Оқыту және дамыту құралдары және олардың сипаттамалары; 3. Педагогика және еңбекті ұйымдастыру негіздері; 4. 70/20/10 оқыту моделі; 5. Топтық динамика, ересектерді оқыту ерекшеліктері; 6. Менторлық, тәлімгерлік негіздері; 7. Оқыту және дамыту іс-шараларының маркетингі; 8. Есеп процестерін автоматтандырудың озық қызметтері мен модульдері.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
Дағды 3: Ішкі нормативтік қамтамасыз ету персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерін сүйемелдеу	Машықтар: 1. Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процесін ұйымдастыру тәртібін реттейтін және айқындайтын құжаттарды айқындайды; 2. Қазақстан Республикасының еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жұмыс беруші актілерінің/үлгілік оқыту шартының (оқыту шартының) болуын бақылайды; 3. Ішкі нормативтік құжаттарға және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкестігіне аудит және бақылау жүргізеді; 4. Сатып алу рәсімдерін жүргізу және ілеспе құжаттаманы ресімдеу тәртібі бойынша бақылауды жүзеге асырады; 5. Контрагенттерге сараптама жүргізеді ( бизнес-тренерлердің лицензиялары, пікірлер мен ұсынымдар жинау).
	Білімдер: 1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормалары; 2. Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі; персоналға нұсқау беру және оқыту жөніндегі заңнамасында көзделген нормалар мен тәртіп; 3. Еңбек экономикасы; 4. Сатып алу рәсімдерін өткізу және ресімдеу қағидалары.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
	Машықтар: 1. Бейімделу бағдарламасына қанағаттанушылықты бағалауды енгізеді; 2. Жұмыскерді бейімдеу кезеңінде аралық қорытындылардың жүргізілуін бақылайды;

Еңбек функциясы 3: Персоналды бейімдеу, оқыту және дамыту процестерінің тиімділігін бағалау	Дағды 1: Бейімделу бағдарламасының тиімділігін бағалау	3. Бейімделушілерден, басшылардан, тәлімгерлерден түскен, өткізілген бағдарлама қорытындылары бойынша кері байланысты талдайды; 4. Кері байланыс нәтижелері мен жұмыскерлердің тәжірибесіне сүйене отырып, ұйым процестеріне өзгерістер енгізеді; 5. Бейімделу мәселелері бойынша мүдделі тараптарға кеңес береді.
		Білімдер: 1. Бейімделу технологиялары, ақпаратты алу және талдау әдістері мен тәсілдері; 2. Жұмыскерлерді бейімдеу саласындағы заманауи трендтер мен жаңа үрдістер; 3. Психология, психометрия негіздері; 4. HR аналитикасы, HR көрсеткіштері; 5. Кері байланыс жинау әдістері; 6. Жұмыскердің тәжірибесін басқару.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
	Дағды 2: Персоналды оқыту және дамыту процесінің тиімділігі бойынша кері байланысты талдау	Машықтар: 1. Оқыту мен дамуға қанағаттанушылықты бағалауды енгізеді; 2. Кері байланыс, оқыту және дамыту сауалнамаларының нәтижелерін түсіндіреді; 3. Жұмыскерлерді оқыту мен дамытудың өтімділікке, мотивацияға, ROI көрсеткішіне (инвестицияларды қайтару), компанияның өнімділігіне, жұмыскерлердің құзыреттілігін дамытуға тигізген әсерін талдайды; 4. Жұмыскерлердің кері байланысы және қанағаттанушылықты бағалау негізінде персоналды оқыту және дамыту процесі бойынша жақсарту/түзету іс-шараларының жоспарларын қалыптастыруға бастамашылық етеді.
		Білімдер: 1. Жұмыскерлерді оқыту және дамыту бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың принциптері мен тәсілдері (Д. Киркпатрик моделі); 2. Оқыту тиімділігін бағалау әдістері (сандық және сапалық көрсеткіштер); 3. Жұмыскерлердің қатысуын және оқу іс-шараларына қатысуды арттыру әдістері; 4. Жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау; 5. HR аналитикасы, HR көрсеткіштері; 6. Кері байланыс беру түрлері/әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	-
Бизнесті түсіну Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Стратегиялық ойлау		

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Көшбасшылық Нәтижеге бағдарлану Клиентке бағдарлану		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ-нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	персоналды оқыту және дамыту жөніндегі маманы	
	6	Кәсіптік бейімделу инженері	
	7	Таланттарды басқару жөніндегі басшы (бөлім басшысы)	
	8	Адам ресурстарын басқару директоры	
10. "Персоналды оқыту және дамыту жөніндегі маманы" кәсіптің карточкасы:			
Топтың коды:	2422-2		
Қызмет атауының коды:	2422-2-005		
Кәсіптің атауы:	Персоналды оқыту және дамыту жөніндегі маманы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелді). Кадр жөніндегі маманы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	(Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл, оның ішінде HR саласында кемінде 1 жыл		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2422-2-002 - Оқыту жөніндегі үйлестіруші 2422-2-003 - Оқу жұмыстарының үйлестірушісі 2422-2-006 - Кадрларды даярлау жөніндегі маман 2422-2-007 - Еңбек ресурстарын даярлау жөніндегі маман 2422-2-009 - Кәсіптік оқыту жөніндегі маман 2422-2-004 - Корпоративтік маман		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жұмыскерлер біліктілігінің ұйымның ағымдағы қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету, ұйымның стратегиялық мақсаттары мен болашақ қажеттіліктеріне қол жеткізу үшін оқыту іс-шараларын жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымда жұмыскерлерді оқыту және дамыту стратегиясын қалыптастыруға қатысу;</li> <li>2. Процесс дизайны және персоналды оқыту мене дамыту процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді өзектендіру;</li> <li>3. Персоналды оқыту және дамыту процесінің тиімділігін бағалау.</li> </ol>
	Қосымша еңбек функциялары:	
	<p>Дағды 1: Жұмыскерлерді оқыту және дамыту қажеттілігі туралы ақпаратты жинау және талдау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымның бизнес стратегиясы мен даму жоспарларын, оқытуға қажеттіліктің туындау көздерін (ұйымның сыртқы ортасындағы өзгерістер, технологиялық прогрестер, ұйымның стратегиясындағы өзгерістер, ұйым құрылымындағы өзгерістер, ұйым ішіндегі персоналдың қозғалысы) талдауға қатысады;</li> <li>2. Ұйымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға, жұмыскерлердің оқу дәрежесіне және оқуға дайындығына талдау жүргізеді;</li> <li>3. Ұйымдағы процестер мен функцияларды, өндірістің әртүрлі учаскелерінде және нақты жұмыс орындарында жұмыс істеу ерекшеліктерін, персоналдың білімі мен құзыретіне қойылатын талаптарды талдайды;</li> <li>4. Ұйымдағы лауазымдарға қойылатын талаптар мен іс жүзінде бар жұмыскерлердің деңгейі арасындағы айырмашылықты бағалайды (оның ішінде қызмет тиімділігін бағалау/аттестаттау нәтижелеріне сүйене отырып);</li> <li>5. Жұмыскерлерді оқыту мен дамыту бөлігінде бизнестің не күтетіні мен қажеттіліктері туралы стейкхолдерлерден кері байланыс жинайды.</li> </ol>
шешімдер мен ұсынымдар қабылдау мақсатында сыйақыларға шолуларды, нарықтық деректерді және саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық ахуалдың өзге де сыртқы деректерін талдау және түсіндіру;

4. Ұйымдағы сыйақы туралы деректерді талдау (жинау, талдау, ұсыныстар әзірлеу);

5. Еңбек нарығының шолуларын ескере отырып, сыйақы саясатын қалыптастыру, жиынтық көтермелеу/жиынтық сыйақы жүйесін анықтау;

6. Басқа бизнес-көшбасшылармен бірлесіп, есептілік мәдениетін қалыптастыратын өлшенетін мақсаттарды белгілеу және ұйымның бизнес-стратегиясын қолдау мақсатында қойылған мақсаттарға қатысты нәтижелердің тұрақты мониторингін орындау;

нәтижелілігі айқындалатын жұмыскерлердің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін (KPI) айқындау процесін әзірлеу және сүйемелдеу; жұмыскердің жеке мақсаттарының ұйымның мақсаттарымен байланысын SMARTER қағидаты негізінде құру;

7. Персоналды бағалау негізінде ұйымның кадрлық резервін қалыптастыру, мансаптық амбицияларды анықтау, жұмыскерлер үшін кәсіби өсу міндеттерін анықтау;

8. Жұмыскерлерге кері байланыс беру, кезең қорытындысын шығару, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін талдау, болашақ нәтижелерді бірлесіп жоспарлау жүйесін құру;

9. Мақсаттарды басқару жүйесіне желілік басшыларды оқытуды ұйымдастыру;

10. Жұмыскерлердің аралық нәтижелерінің мониторингін қамтамасыз ету, желілік басшылардың кері байланыс беруі;

11. Персоналды ынталандыру мәселелері бойынша коммуникациялар мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын құру;

12. Жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін топ ішінде тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

13. Жұмыскерлердің еңбегін тану және көтермелеу бағдарламаларын қолдану;

14. Қызметті бағалау жүйелерінің тиімділігін бағалау, жиынтық көтермелеу/сыйақы, еңбекті тану және көтермелеу бағдарламалары, еңбекті ұйымдастыру стратегиясы мен сыйақының табысты корпоративтік практикаларға сәйкестігін талдау;

15. Персоналдың шығындарын бағалау, ұйымның еңбекақы төлеу деңгейі мен қаржылық нәтижесінің сәйкестігін қамтамасыз ету;

16. Персонал қызметінің тиімділігін басқару, жиынтық көтермелеу/ сыйақы саласындағы стратегияның тиімділігін бағалау кезінде тиісті HR-көрсеткіштерді талдау;

Дағды 3:

Персонал қызметінің тиімділігін, жиынтық ынталандыруды/ сыйақыны басқару жөніндегі саясатты айқындау

<p>Ұйымның HR стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін функционалдық HR стратегияларын/ саясаттарын қалыптастыру, олардың тиімділігін бағалау және қайта қарау</p>	<p>17. Персонал қызметінің тиімділігін басқару, жиынтық көтермелеу/ сыйақы саласындағы HR-тәуекелдерді болжау, бағалау және басқару.</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Білімдер: 1. Халықаралық еңбек стандарттары, қазіргі заманғы даму тенденциялары және басқару саласындағы озық халықаралық технологиялар, персонал қызметінің тиімділігі, жиынтық көтермелеу/ сыйақы; 2. Персоналдың қызметін бағалау әдістері, мотивация жүйесінің теориясы мен практикасы, еңбекті материалдық және материалдық емес ынталандыру нысандары; 3. Сыйақы деректерін талдау тәсілдері.</p>
<p>Дағды 4: Жұмыскерлерді оқыту және дамыту саясатын анықтау</p>	<p>жоқ</p> <p>Машықтар: 1. Ұйым персоналының біліктілігін дамыту үшін ұзақ мерзімді стратегияларды құру; 2. Жеке білімді, дағдылар мен құзыреттерді сақтау және кеңейту ұйымның жетістігіне оң әсер ететін оқыту және дамыту жүйесін құру; 3. Оқыту және дамыту саясатын әзірлеу және бекіту; 4. Жеке және ұйымдастырушылық мақсаттарға қол жеткізуді қолдайтын оқыту мен дамытудың ең тиімді шешімдерін анықтау мақсатында ұйымның оқыту қажеттіліктерін талдау; 5. Білімнің игерілуін бақылауды және дағдыларды қалыптастыруды, оқыту нәтижелерін қолдау жүйесін қамтитын оқыту іс-шараларының жүйесін қалыптастыру; 6. Көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру (стратегиялық міндеттерді ескере отырып баса назар аудару); 7. Ұйымның қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне бейімделген оқыту іс-шараларын (дәрістер, семинарлар, тренингтер, жұмыс топтары) жоспарлау және ұйымдастыру; 8. Ұйымда білімді сақтау стратегиясын әзірлеу және іске асыру; 9. Тиісті HR көрсеткіштерін талдау және оқыту нәтижелері бойынша "кері байланыс" алу арқылы оқыту және дамыту стратегиясының тиімділігін бағалау; 10. Жұмыскерлерді оқытудың тиімділігін бағалауды ұйымдастыру; 11. Персоналды оқыту және дамыту саласындағы HR тәуекелдерін болжау, бағалау және басқару.</p> <p>Білімдер: 1. Халықаралық еңбек стандарттары, негізгі даму тенденциялары және персоналды оқыту мен дамыту саласындағы озық халықаралық технологиялар;</p>

	<ol style="list-style-type: none"> <li>2. Персоналды оқыту мен дамытудың заманауи принциптері мен әдістері;</li> <li>3. Оқыту теориялары, ұйымдағы оқыту деңгейлері;</li> <li>4. Білімді сақтау стратегиялары;</li> <li>5. Мансаптық өсу әдістері, мансапты басқару философиясы;</li> <li>6. Коучинг негіздері, тәлімгерлік мүмкіндіктері;</li> <li>7. Құзыреттілік модельдері, дағдылар мен құзыреттерді дамыту тәсілдері;</li> <li>8. Жұмыскердің өмірлік циклінің кезеңдері;</li> <li>9. Білім алмасу әдістері, көшбасшылықты дамыту әдістері;</li> <li>10. Қажеттіліктерді бағалау әдістері (мысалы, ұйымдастырушылық, оқу);</li> <li>11. ADDIE моделі және педагогикалық дизайнның басқа тәсілдері;</li> <li>12. Сабақтастықты жоспарлау әдістері;</li> <li>13. Еңбек ұжымын қалыптастыру әдістері мен талдауы (олқылықтар мен шешімдер, іске асыру және бағалау, сұраныс пен ұсыныс, еңбек ұжымының профилі).</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жоқ</p>
<p>Дағды 5: Ішкі коммуникацияларды басқару, өзгерістерді басқару, ақпараттандыру және кері байланысты қамтамасыз ету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бөлімшелердің бизнес-көшбасшыларымен бірлесіп коммуникациялық стратегия әзірлеу;</li> <li>2. HR-процестерді, саясаттар мен технологияларды іске асыру бойынша коммуникациялар жоспарын әзірлеу;</li> <li>3. HR саласындағы басқару шешімдеріне ақпараттық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;</li> <li>4. Өзгерістерді басқару шеңберінде ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету;</li> <li>5. Байланыс және басқару мәселелерін бақылау және анықтау;</li> <li>6. Ұйым ішінде байланыс құру құралдарын қолдану;</li> <li>7. Жұмыс берушінің брендин дамыту, брендбук құруды қамтамасыз ету;</li> <li>8. HR рөлі туралы дұрыс түсінік қалыптастыру;</li> <li>9. Мүдделі тұлғалармен (стейкхолдерлермен), жұмыскерлердің өкілдерімен өзара әрекеттесу;</li> <li>10. Қабылданған шешімдерді жұмыскерлердің назарына жеткізуді қамтамасыз ету;</li> <li>11. Басшылықпен, жұмыскерлермен жеке кездесулер арқылы HR-шешімдерді ілгерілету, корпоратившілік басылымдарда мақалалар жариялау, ақпаратты ішкі сайтта орналастыру, электрондық пошта арқылы, инфосессиялар арқылы хабарлау;</li> <li>12. Ішкі коммуникациялар саласындағы HR тәуекелдерін болжау, бағалау және басқару.</li> </ol> <p>Білімдер:</p>

	<p>1. Тиімді коммуникацияларды құру әдістері мен принциптері; 2. Эмоционалды интеллект.</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жок</p>
<p>Дағды 6: Еңбек қатынастарын басқару</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. HR қызметін жұмыскерлер өз алаңдаушылығын білдіре алатындай етіп орналастыру; ұйымның жетістігі жұмыскерлердің мүддесін қорғауды теңестіру; ұйым мен жұмыскерлердің қажеттіліктері теңгерімінің өзара әрекеттесуін басқару;</li> <li>2. Ұйымның жұмыскерлердің алаңдаушылығына немесе үшінші тұлғалардың өкілдігіне реакциясы туралы тиісті шешімдер қабылдау үшін еңбек қызметі туралы ақпарат пен деректерді түсіндіру;</li> <li>3. Этикалық емес немесе заңсыз мінез-құлық туралы хабарламаларға дереу жауап беру; іскерлік шешімдер мен ұсыныстарды қабылдау үшін нормативтік сәйкестік туралы ақпарат пен деректерді түсіндіру;</li> <li>4. Жұмыскер мен ұйым арасындағы өзара қатынастарды реттеуге байланысты шарттардың талаптарын қалыптастыруды/ келісуді қамтамасыз ету;</li> <li>5. Заңнаманың, халықаралық еңбек стандарттарының сақталуын бақылау;</li> <li>6. Еңбек жанжалдарының алдын алу бойынша алдын алу шараларын қамтамасыз ету;</li> <li>7. Еңбек мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, қабылданған шешімдерді жұмыскерлердің назарына уақтылы жеткізу;</li> <li>8. Еңбек қатынастары саласындағы проблемаларды мониторингтеуді және анықтауды ұйымдастыру;</li> <li>9. Мүдделі тұлғалармен (стейкхолдерлермен), жұмыскерлердің өкілдерімен өзара әрекеттесу;</li> <li>10. Еңбек мәселелері бойынша сараптамалық баға беру;</li> <li>11. Заңнама нормаларына оқытуды ұйымдастыру;</li> <li>12. Ұжымдық келіссөздер жүргізу;</li> <li>13. Шешім қабылдаудағы факторлардың бірі ретінде еңбек ресурстары саласындағы нормативтік құқықтық сәйкестік мәселелері бойынша басшыларды хабардар ету және оларға консультация беру;</li> <li>14. Адам ресурстарын басқаруда еңбек заңнамасының қағидаттары мен нормаларын, этикалық нормаларды қолдану;</li> <li>15. Еңбек мәселелерін реттеу, еңбек дауларын сотқа дейін және сотта қарауда HR өкілдігін қамтамасыз ету;</li> </ol>

16. Заңнамаға сәйкес жұмыскерлердің дербес деректерін және қорғау және сақтау жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;
17. Еңбек қатынастарын басқарудың тиімділігін бағалау кезінде тиісті HR көрсеткіштерін талдау;
18. Еңбек қатынастарын басқару саласындағы HR тәуекелдерін болжау, бағалау және басқару.

Білімдер:

1. Адам ресурстарын басқару процестері, рәсімдері мен құралдары, кадрлық іс жүргізу туралы терең білім;
2. Адам ресурстарын тартудың өзге де түрлері шеңберінде туындайтын еңбек қатынастарын және өзге де қатынастарды басқару мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер;
3. Халықаралық еңбек практикасы;
4. Аудит жүргізу, процестерді бақылау әдістері;
5. Ұйымдастырушылық мінез-құлық саласындағы білім;
6. Тиімді коммуникацияларды құру әдістері мен принциптері;
7. Әлеуметтік зерттеулер жүргізу әдістері;
8. Жанжалдарды басқару әдістері, медиация процедуралары мен құралдары; дауларды шешудің балама әдістері;
9. Ұжымдық-шарттық реттеу жүйесі, ұжымдық келіссөздер жүргізу рәсімдері мен әдістері;
10. Ереуілдердің түрлері мен себептері; халықаралық еңбек практикасы, кәсіподақтар; ұжымдық шарттар жасасу процесі;
11. Тергеу әдістері, тәртіптік әдістер;
12. Еңбек экономикасы;
13. HR кәсіптік стандарттары.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

жоқ

Машықтар:

1. Ұйымдастырушылық стратегиялардың орындалуын және мақсаттарға жетуді қолдайтын технологиялық шешімдерді анықтау және қолдану;
2. Ағымдағы көрсеткіштерді талдау және оларды одан әрі оңтайландыру және автоматтандыру/цифрландыру үшін функцияларды/процестерді/қызмет түрлерін анықтау;
3. HR Автоматтандыру және цифрландыру саласындағы HR тәуекелдерін болжау, бағалау және басқару;
- 4 Ұйымдық стратегияларды орындау мен мақсатқа жетуді қолдайтын технологиялық шешімдерді анықтау және қолдану; HR әрбір функционалдық саласын оңтайландыратын деректерді талдау үшін технологияларды қолдану;

Дағды 7:  
HR қызметін  
автоматтандыру және  
цифрландыру

5. Жаңа технологияларды енгізудің ықтимал нәтижелерін болжау;
6. Қажетті автоматтандырылған/ цифрлық шешімдердің тұжырымдамаларын әзірлеу және қажетті ресурстарды (еңбек, қаржы, уақытша, техникалық) анықтау;
7. Ұйымның HR-функциялары мен жұмыскерлерінің жұмысын ұйымдастыру үшін автоматтандырылған/ цифрлық шешімдердің жобаларын әзірлеу;
8. Жаңа оңтайландырылған/ цифрлық функцияға/ процеске қызмет түріне көшуді ұйымдастыру;
9. Жұмыскерлер мен басшыларға HR-процестерді ұйымдастырудың, үйлестірудің және бақылаудың мақсатты параметрлеріне (бақылау тақтасы, метрикалар, көрсеткіштер) қатысты консультация беру;
10. Жаңа оңтайландырылған/ цифрлық функцияға/ процеске/ қызмет түріне көшуге қатысты жұмыскерлер мен басшыларға консультация беру; жұмыскерлердің қанағаттануы туралы сауалнама нәтижелерін талдау;
11. Іс-шаралар жоспарын әзірлеу, түзету шараларын қабылдау;
12. Сандық HR платформаларын пайдалану және дамыту, HR процестерін автоматтандыру; HR процестерін стандарттау, біріздендіру, автоматтандыру бағдарламалары мен принциптерін енгізуді бағалау;
13. HR процестерін автоматтандыру және цифрландыру тиімділігін бағалау кезінде тиісті HR көрсеткіштерін талдау.

Білімдер:

1. Бизнес-процестерді интеграциялау тәсілдері;
2. Адам ресурстарын басқару және HR-цифрландыру саласындағы озық халықаралық технологияларды дамытудың заманауи және озық үрдістері;
3. Қазіргі заманғы цифрлық HR-платформалар және олардың жұмыс принциптері, HR-процестерді автоматтандыру, HR қызмет көрсету қызметтері, киберқауіпсіздік;
4. Қызметтің тиімділігін, сыйақыны басқару міндеттерін тиімді шешуге арналған бағдарламалық өнімдерді бағалау критерийлері;
5. Деректерді талдау әдістері;
6. Деректердің тұтастығын қорғаудың механизмдері мен тәжірибелері, деректерді басқару мен жариялауды қорғау тәсілдері;
7. Электрондық есептік жазбаларды жүргізу тәсілдері, электрондық қолтаңбаларды қабылдау;
8. Цифрлық жүйелер және еңбек ресурстарының көздері;

		<p>9. Басқару жүйесінің құрылымы және еңбек ресурстары туралы ақпарат;  10. Ақпаратты басқару теориясы;  11. Сатып алу тәсілдері;  12. Жобаны басқару теориялары;  13. Әлеуметтік желілердің тәжірибесі мен қолданылуы;  14. Цифрлық жүйелерді интеграциялау тәсілдері.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	жоқ
	<p>Дағды 1:  Бизнесі дамытудың нақты кезеңінде басым міндеттерді шешу үшін қажеттіліктерді анықтау</p>	<p>Машықтар:  1. Бизнесінің/клиенттердің/жұмыскерлердің қажеттіліктерін түсіну және анықтау;  2. HR шешімдерін интеграциялау үшін инвестициялардың, пайданың, кірістің және стратегиялық тиімділіктің қайтарымдылығын барынша арттыру мақсатында барлық ұйымдастырушылық мәселелерді зерттеу;  3. Шешім қабылдау үшін ұйымдастырушылық көрсеткіштерді қолдану;  4. Шешім қабылдау жүйесі құрылатын ақпаратты сапалы өңдеуге арналған HR жүйесін теңшеу;  5. HR-бастамалар/жобалар саласында және оларды іске асыру шеңберінде бизнес-қажеттіліктерді қалыптастыру, қабылданған шешімдердің тиімділігін болжау;  6. Басқарушылық шешімдер қабылдау үшін бар немесе ықтимал проблемаларды, HR-тәуекелдерді ұйым басшылығына жеткізу.</p> <p>Білімдер:  1. Негізгі бизнес функциялары;  2. Ұйымдастырушылық көрсеткіштер және олардың табысты бизнеспен байланысы;  3. Бәсекелестік талдау әдістері;  4. Ұйымдастырушылық қажеттіліктерді талдау әдістері;  5. Бизнес-кейс құру принциптері, тәсілдері, оны іске асыру кезеңдері және бағалау.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	жоқ
		<p>Машықтар:  1. Бизнес қажеттіліктерін HR бастамаларына/жобаларына түрлендіруді қамтамасыз ету және оларды іске асыру;  2. HR-жобаларды іске асыру үшін тиімді команданы қалыптастыру;  3. Ұйымның бизнес шешімдерін қолдау үшін HR көрсеткіштері мен ағымдағы HR аналитикасын пайдалану;  4. Тәуекелдерді бағалау, (егер олар еңбек капиталына қатысты болса), инвестициялардың</p>

Еңбек функциясы 3:  
 Бизнесі дамытудың нақты кезеңіндегі ең басым міндеттерге назар аудара отырып, HR-процестерді басқару

Дағды 2:  
 Бизнесі дамытудың нақты кезеңі үшін HR-бастамалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру

өтелуіне және қатысушы тараптардың есептілігіне, бизнес бастамаларға SWOT-талдауын жүргізу;  
 5. Бизнесінің міндеттерін шешуге бағытталған HR-бастамаларды/ жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдерді болжау, бағалау, басқару;  
 6. Инвестициялардың қайтарымдылығына, пайдалылығына, кірістерді, кірістер мен шығыстарды бағалауға және басқа да іскерлік көрсеткіштерге әсерін талдай отырып, HR бастамаларын әзірлеу;  
 7. HR-бастамаларды табысты іске асыру жолындағы ықтимал кедергілерді жеңу үшін шешімдер әзірлеу;  
 8. Ішкі және сыртқы қатысушы тараптардың қабылдауы мен қолдауын қамтамасыз ету үшін коммуникациялар құру;  
 9. Басшылыққа консультация беру, ұйым бөлімшелеріне сараптамалық қолдау көрсету және жұмыскерлерге консультация беру;  
 10. Жұмыскерлердің мүддеін қорғауды және адами капиталды дамытуды қамтамасыз ету;  
 11. Бизнес басшыларының қолдауымен маңызды ұйымдастырушылық өзгерістердің енгізілуін бақылау;  
 12. HR нәтижелерін көрсету, "шығын-сатып алу", кірістер, "пайда-шығын" талдауларын және басқа да озық және кешіктірілген индикаторларды пайдалана отырып, қосылған құндылық, әсер және пайдалылық тұрғысынан маңызды HR әрекеттерін бағалау; ұйымның жетістігіне қол жеткізуде еңбек ресурстарын ұйымдастыру қызметінің құндылығын көрсету үшін тиісті көрсеткіштерді әзірлеу.

Білімдер:

1. Бизнесінің жұмысындағы HR рөлі;
2. HR-функциясының баламалы құрылымдары ( орталықтандырылған/орталықтандырылмаған, функционалды, мамандандырылған, матрицалық, сараптама орталықтары, ЖҚКО);
3. Рөлдер мен міндеттер (бағыныштылық тәртібі, бақылау ауқымы);
4. Ықпал ету әдістері.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

жоқ

Машықтар:

1. Барлық HR бастамаларында ұйым үшін өлшенетін мәнді көрсетуді қамтамасыз ету;
2. HR қызметі құрылымының тиімділігін, барлық HR қызметі мен жеке HR жобаларының тиімділігін, қолданылатын әдістер мен құралдарды, HR қызметінің кәсіби деңгейін бағалау;
3. HR қызметінің ішкі тұтынушыларға қызмет көрсету мәдениетін дамыту, HR ішкі тұтынушыларының қанағаттанушылығын бағалау;

	<p>Дағды 3: Тиімділікті бағалау және HR процестерді жақсарту</p>	<p>4. HR функциясының тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтау; 5. Тиімді қамтамасыз ету үшін HR функциясының операциялық құрылымын әзірлеу және енгізу және тиімді қызмет көрсету; 6. HR-қызметінің жұмыскерлеріне инвестиция салу, ұйымның стратегиялық және операциялық міндеттерін іске асыру үшін қажетті оқыту мен құзыреттерді дамытуды қамтамасыз ету; 7. Бюджетті жоспарлау және ресурстарды бөлу, адами капиталға инвестиция құю, инвестициялардың қайтарым деңгейін бағалау, барлық HR қызметі мен жеке HR жобаларының/ процестерінің тиімділігін өлшеу, оларды нарықтық көрсеткіштермен салыстыру.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. HR аудиті, HR метрикалары;</li> <li>2. HR функциясының даму тенденциялары;</li> <li>3. HR командасының құрылымы;</li> <li>4. Сапаны бақылау әдістері.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жоқ</p>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1:</p>	<p>Дағды 1: Ұйымның бизнес-көшбасшыларымен бірлесіп корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын әзірлеу және іске асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымның қызметіне әсер ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, экологиялық және заңнамалық факторларды түсіну және ескеру;</li> <li>2. Басқа бизнес-көшбасшылармен бірлесіп ұйымның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамыту стратегиясын әзірлеу және іске асыру, стратегияның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын, стратегияны іске асырудың тиімділігін бағалау үшін метрикаларды айқындау, есеп беру жүйесін әзірлеу, рөлдерді бөлу және жауапкершілік аймақтарын айқындау, іс-қимыл жоспарын әзірлеу және оны іске асыру;</li> <li>3. Жауапты және этикалық шешім қабылдауды қолдайтын ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту;</li> <li>4. Басқа бизнес-көшбасшылармен бірлесіп комплаенс бағдарламаларын әзірлеу және енгізу және олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;</li> <li>5. Корпоративтік басқарудың тиісті деңгейін көрсететін мінез-құлық кодексін әзірлеу және енгізу ;</li> <li>6. Жұмыскерлердің құнды ұсынысын нығайту үшін ұйымның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын қолдану.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің үздік тәжірибелері;</li> <li>2. Корпоративтік басқару саласындағы заңнама;</li> <li>3. Корпоративтік қайырымдылық тәсілдері;</li> </ol>

Ұйымның корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілігін дамыту стратегиясын әзірлеу, енгізу, тиімділігін бағалау және қайта қарау	4. Еріктілер бағдарламалары; 5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және мүдделер қақтығысы тәуекелін азайту; 6. Персоналды этикалық басқару практикасы; 7. Қызметтік тергеп-тексеру жүргізу әдістемелері; 8. ISO стандарттары; 9. Қоғамдық бірлікке жетудің кемсітушіліксіз тәсілдері; 10. Комплаенс принциптері	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	жоқ
	Дағды 2: Қол жеткізілген стратегиялық нәтижелерді бағалау және ұйымның корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілігін дамыту стратегиясын қайта қарау	Машықтар: 1. Басқа бизнес көшбасшыларымен бірлесіп, ұйымның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын іске асырудың тиімділігін бағалау үшін маңызды ұйымдастырушылық көрсеткіштерді талдау; 2. Басқа бизнес көшбасшыларымен бірлесіп ұйымның тұрақты дамуының жетілу деңгейін бағалау; 3. Басқа бизнес көшбасшыларымен бірлесіп қабылданған шешімдердің тиімділігін және стратегияны іске асырудың табыстылығын бағалау және бизнес-қажеттілік болған жағдайда стратегияны қайта қарау/түзету  Білімдер: 1. Ұйымдағы тұрақты дамудың жетілу деңгейлері; 2. Корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ұйымдастырушылық метрика және талдау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	жоқ
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бизнесі түсіну, ситуациялық шешім қабылдау Стратегиялық ойлау, пайымдау және консультация беру Нәтижеге бағдарлау Көшбасшылық Клиентке бағдарлану Өзара әрекеттесу және байланыс (ынтымақтастық және өзара іс-қимыл)	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ-нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	8	Фирма директоры
	8	Филиалдың директоры (меңгерушісі)
	8	Кәсіпорын директоры
10. "Адам ресурстарын басқару саласындағы консультант" кәсіптің карточкасы:		
Топтың коды:	2422-1	
Қызмет атауының коды:	-	

Кәсіптің атауы:	Адам ресурстарын басқару саласындағы консультант		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып енгізілді). 16. Бизнес-консультант		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кемінде 5 жыл (оның ішінде адам ресурстарын басқару саласында кемінде 3 жыл)		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2422-1-010 - Еңбек шарттары жөніндегі консультант 2422-1-008 - Карьералық өсу саласындағы консультант 2422-1-030 - HR талдаушы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Клиенттердің сұраныстарына/қажеттіліктеріне сәйкес консалтингтік жобалар түрінде ұсынылған адам ресурстарын басқару саласында консультациялық көмек көрсету.		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. HR-консалтингтік ұйымның/ консультанттардың сыртқы клиенттермен және/немесе кәсіби қауымдастықтармен өзара әрекеттесуі 2. HR саласында талдамалық және сараптамалық қызметті жүзеге асыру 3. Адам ресурстарын басқару саласында өзіндік әдіснамаларды әзірлеу және/немесе сыртқы әдіснамаларды пайдалану 4. HR саласында консалтингтік қызметтер көрсету шеңберінде жобалар мен өзгерістерді басқару 5. Консалтингтік ұйымда ішкі HR-процестердің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Консалтингтік қызметтер нарығының мониторингін жүргізу және HR-консультанттардың қызметіне негізгі, танымал сұраныстарды белгілеу; 2. HR-маркетингтік зерттеулер жүргізу; 3. Әлеуетті клиенттерді іздеу, олардың өзекті мәселелерін талдау;	

Еңбек функциясы 1:  
HR-консалтингтік ұйымның/консультанттардың сыртқы клиенттермен және/немесе кәсіби қауымдастықтармен өзара әрекеттесуі

Дағды 1:  
HR-маркетингтік зерттеулер жүргізу, клиенттермен өзара әрекеттестігі

4. Клиенттерді қызықтыра алатын консультация беру ұсыныстарының пакетін әзірлеу, қызметтерді сату;
5. PR жарияланымдарын, қызметтерді, өнімдерді жарнамалауды пайдалану;
6. Сұранысты нақтылау және одан әрі ынтымақтастық мүмкіндіктерін анықтау үшін клиенттермен кездесу ұйымдастыру;
7. HR мәселелерін зерттеу, нарықтағы клиенттер не күтетінін түсіну, клиенттердің қажеттіліктері мен ресурстарын ескеру (материалдық, адами, кәсіби, уақыттық, техникалық және т.б.), мәселені шешудің нақты мүмкіндіктерін бағалау;
8. Клиенттерге ұсынылатын жобалардың/қызметтердің жағымды жақтары туралы ғана емес, оларды іске асыру/енгізу кезіндегі ықтимал шығындар туралы да толық ақпарат беру;
9. Клиенттермен өзара әрекеттесу нысандары, консультанттың мүмкіндіктері бойынша проблемалық жағдайға әсер ету бойынша ұсыныстар қалыптастыру;
10. Клиенттер ұсынған ақпаратты өзінің бақылауымен, білімімен және тәжірибесімен сәйкестендіру;
11. Барлық мүдделі тараптармен/тұлғалармен өзара әрекеттесу;
12. Корпоративтік және жеке клиенттер үшін семинарлар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстарын өткізу.

Білімдер:

1. Маркетинг, басқару және зерттеу саласындағы сараптамалық білім;
2. HR-консалтинг саласындағы қызмет принциптері;
3. Адам ресурстарын басқару саласындағы консалтингтік қызметтің әдістері, бағыттары мен түрлері;
4. Стратегиялық менеджмент, корпоративтік қаржы маркетингі, макро- және микроэкономика, басқарушылық есеп негіздері;
5. Бизнесі дамыту стратегиясы, ұйымның миссиясы мен алға қойған мақсаты, тиімділіктің негізгі мақсаттары мен көрсеткіштері, стратегиялық жоспарлау және бизнесті басқару негіздері;
6. Операциялық бизнес модельдері;
7. Ұйымдастырушылық даму және дизайн принциптері;
8. Мотивация жүйесінің теориялары мен тәжірибелері, HR процестері және бизнес мақсаттары мен операциялық бизнес үлгісіне сәйкес келетін адам ресурстарын басқару құралдары;
9. Адам ресурстарын басқарудың негізгі мәселелерін диагностикалау және талдау әдістері;

	<p>10. Тәуекелдерді басқару;</p> <p>11. Өзгерістерді басқару;</p> <p>12. Жетекші цифрлық технологиялар, HR саласындағы платформалар, HR-процестерді автоматтандыру, заманауи қызмет көрсету қызметтері.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	жоқ
<p>Дағды 2:</p> <p>Консалтингтік ұйымның/консультанттардың кәсіби қауымдастықтармен өзара әрекеттестігі</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіби қауымдастықтармен бірлесіп маркетингтік зерттеулер жүргізу;</li> <li>2. Еңбек ресурстарын басқару жөніндегі жаһандық практикаларға аудит жүргізу;</li> <li>3. HR функциясының тиімділігін арттыру үшін шешімдерді, заманауи технологияларды, модельдерді, мүмкіндіктерді іздеудің жаңа тәсілдерін талдау және бірлесіп әзірлеу;</li> <li>4. Түрлі байланыстар орнату және сервис деңгейін арттыру мақсатында белсенді қарым-қатынас үшін кеңістікті ұйымдастыру;</li> <li>5. Адам капиталын басқару және ұйымдастырушылық тиімділік арқылы бизнес нәтижелерін арттыру мәселелері бойынша кәсіби қауымдастықтармен байланыс орнату, одан әрі ынтымақтастық мүмкіндіктерін анықтау, басқарушылық консалтингті дамыту (конференциялар, форумдар, кездесулер және өзге де тақырыптық іс-шаралар);</li> <li>6. Еңбек нарығында HR-проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу/жүргізу, еңбек нарығында клиенттердің не күтетіні туралы жалпы түсінік қалыптастыру;</li> <li>7. Кәсіптік стандарттар мен сапа стандарттарын ілгерілету арқылы HR-консалтинг мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;</li> <li>8. Халықаралық ұйымдар мен институттарды қоса алғанда, мүдделі тараптарды/тұлғаларды іздеу және олармен өзара әрекеттесу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіби қауымдастықтармен өзара әрекеттесу принциптері;</li> <li>2. Адам ресурстарын басқару, еңбек қатынастары саласындағы HR-функциялары мен озық халықаралық технологиялардың даму тенденциялары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	жоқ
	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ашық алаңдарда адам ресурстарын басқару саласындағы өзекті міндеттерді/проблемаларды талқылау;</li> </ol>

<p>Еңбек функциясы 2: HR саласында талдамалық және сараптамалық қызметті жүзеге асыру</p>	<p>Дағды 1: Адам ресурстарын басқару саласындағы талдау/сараптама</p>	<p>2. Зерттеу нәтижелерін талдау және болжамдарды жасау үшін қолданылатын әдістерді, білімдерді және ықтимал әрі қарай дамыту жолдарын талдау негізінде адам ресурстарын басқару саласындағы консалтингтік қызметтер нарығының даму тенденцияларын анықтау;</p> <p>3. Адам ресурстарын басқарудың оңтайлы тетіктерін әзірлеу.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мотивация жүйесінің теориялары мен тәжірибелері, HR процестері және бизнес мақсаттары мен операциялық бизнес үлгісіне сәйкес келетін адам ресурстарын басқару құралдары;</li> <li>2. Стратегиялық менеджмент, маркетинг, корпоративтік қаржы, макро- және микроэкономика, басқару есебі, ұйымдастырушылық даму, тәуекел-менеджмент туралы терең практикалық және теориялық білім;</li> <li>3. Стратегиялық жоспарлаудағы жалпы талдау принциптері (PESTLE, SWOT, SOAR, салалық талдау, сценарийлерді жоспарлау, BCG матрицасы және басқа талдау әдістері);</li> <li>4. "Кіріс-процесс-шығыс" жүйесінің моделі мен теориясы;</li> <li>5. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін қолдану;</li> <li>6. HR-аналитика және HR-метрика технологиялары, әдістері мен принциптері;</li> <li>7. HR аудитінің принциптері мен технологиялары;</li> <li>8. HR-процестердің аудитін, диагностикасын және бақылауын жүргізу, персоналдың сандық және сапалық құрамын талдау әдістері;</li> <li>9. Ұйымның сыртқы және ішкі ортасын сканерлеу әдістері;</li> <li>10. Ұйымдастырушылық қажеттіліктерді талдау әдістері; ұйымдық құрылымдардың түрлері және оларды әзірлеу тәсілдері (клиенттік, функционалдык , географиялық, матрицалық, бағдарламалық);</li> <li>11. Ұйымды қайта құрылымдау тәсілдері;</li> <li>12. Бизнес-процестердің тиімділігін бағалау әдістері мен құралдары.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жоқ</p>
	<p>Дағды 2:</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ашық алаңдарда адам ресурстарын басқару саласындағы өзекті міндеттерді/проблемаларды талқылау;</li> <li>2. Зерттеу нәтижелерін талдау және болжамдарды, білімді, мүмкін болатын одан әрі даму жолдарын құрудың қолданылатын әдістемелері негізінде адам ресурстарын басқару саласындағы консультациялық қызметтер нарығының даму тенденцияларын анықтау;</li> </ol>

	<p>Адам ресурстарын басқару саласында болжам жасау</p>	<p>3. Шешім қабылдау үшін ұйымдық көрсеткіштерді талдау деректерін пайдалану; 4. Ұлттық бизнес тәжірибесіне әсер ететін жаһандық сын-қатерлерді тану және оларға жауап беру.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Адам ресурстарын басқару саласындағы сараптамалық білім; 2. Ұйымдардың өсу стратегиялары; 3. Жұмыскердің өмірлік циклінің кезеңдері; 4. Персоналдың сандық және сапалық құрамын талдау және болжау әдістері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жоқ</p>
<p>Еңбек функциясы 3: Адам ресурстарын басқару саласында өзіндік әдіснамаларды әзірлеу және/немесе сыртқы әдіснамаларды пайдалану</p>	<p>Дағды 1: Жеке өзінің әдістемелерін және өнімдерін әзірлеу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Ақпаратты іздеу, фактілерді жинау, идеяларды, әдіснамалық тәсілдерді пысықтау, ілгерілету және тестілеу үшін сұхбат жүргізу; 2. HR саласындағы заманауи трендтерді зерттеу; 3. Жеке өзінің әдістемесін, өнімдерін әзірлеу, оларды сынап көру және тәжірибеде қолдану; 4. HR саласында халықаралық технологиялар мен әдістемелерді іс жүзінде пайдалану және қолдану және оларды клиенттерге беру/тарату; 5. Халықаралық және ұлттық басылымдарда HR-мақалалар жазу; 6. Корпоративтік және/немесе жеке клиенттер үшін қағидаттарды түсіндіру және әдіснамаларды/өнімдерді қолдану, HR-құралдарды пайдалану бойынша семинарлар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстарын өткізу; 7. HR тәуекелдерін азайту әдістерін қолдану.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Маркетингтік қызмет принциптері; 2. Негізгі бизнес функциялары; 3. Ұйымдастырушылық көрсеткіштер және олардың табысты бизнеспен байланысы; 4. Бәсекелестік талдау әдістері; 5. Ұйымдастырушылық қажеттіліктерді талдау әдістері; 6. Бизнес-кейс құру принциптері, тәсілдері, оны іске асыру кезеңдері және бағалау.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жоқ</p>
		<p>Машықтар:</p> <p>1. HR саласында маркетингтік зерттеулер жүргізу; 2. Ақпаратты іздеу, фактілерді жинау; 3. HR саласындағы заманауи трендтерді, халықаралық тәжірибелерді, технологиялар мен әдістемелерді зерделеу; 4. HR саласындағы әдістемелерді, технологияларды практикада қолдану/енгізу;</p>

	<p>Дағды 2:          HR саласында пысықталған халықаралық технологиялар мен әдістемелерді пайдалану және беру, оларды клиенттерге беру/тарату</p>	<p>5. Корпоративтік және/немесе жеке клиенттер үшін принциптерді түсіндіру және әдіснамаларды/өнімдерді қолдану, құралдарды пайдалану бойынша семинарлар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстарын өткізу;</p> <p>6. Клиентпен байланыс орнату, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. HR саласында маркетингтік зерттеулер жүргізу;</li> <li>2. Ақпаратты іздеу, фактілерді жинау;</li> <li>3. HR саласындағы заманауи трендтерді, халықаралық практикаларды, технологиялар мен әдістемелерді зерделеу;</li> <li>4. HR саласында әдістемелерді, технологияларды іс жүзінде қолдану/енгізу;</li> <li>5. Корпоративтік және/немесе жеке клиенттер үшін әдістемелерді/өнімдерді қолдану, құралдарды пайдалану және принциптерін түсіндіру бойынша семинарлар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстарын өткізу;</li> <li>6. HR тәуекелдерін азайту әдістерін қолдану;</li> <li>7. Клиентпен байланыс, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>жоқ</p>
	<p>Дағды 1:          Жобаны басқаруды ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Клиентпен келіссөздер жүргізу, консалтингтік қызметтерді сату рәсімдерін жүргізу, ұсыныстар әзірлеу, қызметтер көрсету шарттарын келісу және жасасу;</li> <li>2. HR-консалтингтің негізгі қағидаттарын қолдану (консультанттың объективтілігі мен бейтараптығы, қолжетімділігі, нақтылығы, жүйелілігі, құпиялылығы, консультация беру шарттарын сақтау, мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтау);</li> <li>3. Клиенттердің бизнес қажеттіліктерін түсіну және анықтау, клиенттің сұранысын түсіну, шешім жолдарын табу, клиенттің және консультанттың жауапкершілік аймақтарын, мәселені шешуге арналған ресурстарды, клиентпен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру тәсілдерін анықтау;</li> <li>4. Жұмыстың көлемін, ауқымын және мазмұнын анықтау;</li> <li>5. Клиентке өзгерістердің қажеттілігін және әрекетсіздіктің ықтимал салдарын анықтауда көмек көрсету;</li> <li>6. Жобаны іске асыру/консультация беру процесінің кезеңдерін анықтау;</li> <li>7. Клиентпен тығыз қарым-қатынас жасау. Өзара әрекеттесу жоспарын және жобаны іске асыру жоспар-кестесін әзірлеу, келісу;</li> </ol>

8. Жобаның нәтижелерін көрсету, "шығын-сатып алу", кіріс, "пайда-шығын" талдауын және басқа да озық және артта қалған индикаторларды пайдалана отырып, маңызды HR-іс-әрекеттерді қосылған құндылық, ықпал және пайдалылық тұрғысынан бағалау; ұйымның табысына қол жеткізуде еңбек ресурстарын ұйымдастыру жөніндегі қызметтің құндылығын көрсету үшін тиісті метрикаларды әзірлеу;

9. Бизнес қажеттіліктерін HR бастамаларына/жобаларына трансформациялауды қамтамасыз ету және оларды іске асыру;

10. HR-жобаларды іске асыру үшін тиімді команданы қалыптастыру.

Білімдер:

1. Жобалық басқару және құрылым (команданың рөлі, команданы басқару, процестер, ресурстар, жұмыстарды бөлу), жобалық жоспарлау, бақылау және есеп беру әдістері мен құралдары;

2. Ұйымдастырушылық даму және дизайн принциптері.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

жоқ

Машықтар:

1. Адам ресурстарын басқарудың негізгі мәселелерін диагностикалау және талдау әдістерін қолдану;

2. Клиенттік ұйымның адам ресурстарын басқару жүйелеріне кешенді аудит жүргізу әдістерін қолдану ;

3. Ақпаратты/деректерді іздеу және жинау (сұхбат, сауалнама, топтық пікірталас, бейресми байланыс), фактілерді салыстыру, бақылау;

4. Қызмет көрсету шартына сәйкес адам ресурстарын басқару саласындағы проблемалардың көздерін анықтау және оларды шешу мүмкіндіктерін іздеу мақсатында ұйымдық жағдайды талдау;

5. Ұйымның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес проблемаларды талдау және сұрақтарды іріктеу (HR стратегиясын/саясатын, бағалау, бейімдеу, оқыту және дамыту жүйелерін, персоналға мотивация беру мен ынталандыруды, мансапты басқару тетіктерін әзірлеу, персоналдың шығындарын оңтайландыру, ұйымдастыру процестерін жетілдіру, психологиялық климатты қалыптастыру және қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту, өзгерістерді басқару, кадрлық аудит, бизнесті қайта құрылымдау және т.б);

6. Фактілерді/деректерді талдау, есептеулер жүргізу, жүйелік байланыстар мен проблеманың себептерін

<p>Дағды 2: HR проблемаларын диагностикалау, талдау және шешімді әзірлеу</p>	<p>анықтау, пікір алмасу және ұсыныстар әзірлеу, материал дайындау (презентация, құжаттар);</p> <p>7. Ұйым жұмыс істейтін саланы және іскерлік/бәсекелестік ортаны түсіну, бизнес ортадағы дамудың басым тенденцияларын бөліп көрсету;</p> <p>8. Ұйымдық көрсеткіштерді және олардың бизнесті сәтті жүргізумен байланысын түсіну, шешім қабылдау үшін ұйымдық көрсеткіштерді талдау деректерін пайдалану;</p> <p>9. Кіріс және шығыс деректерінің сапасын бақылау;</p> <p>10. Мамандандырылған білімді, оның ішінде жұмыскерлерді оқыту арқылы іздеуді, құрылымдауды және беруді жүзеге асыру;</p> <p>11. Диагностика негізінде қол жеткізу қажет ағымдағы көрсеткіштер мен нысаналы көрсеткіштер арасындағы алшақтықты анықтау;</p> <p>12. Алынған нәтижелерді түсіндіру тәсілдерін пысықтау, әдістері мен құралдарын қолдану;</p> <p>13. Тұжырымдаманы/ әдіснаманы анықтау, проблемаларды шешу жолдарын әзірлеу, жобаны/ өзгерістерді енгізу, талқылау және келісу;</p> <p>14. Адам ресурстарын басқару саласындағы проблеманы құрылымдау және анықтау кезінде ақпаратты визуализациялау құралдарын қолдану;</p> <p>15. Өзгеру мүмкіндіктерін болжау;</p> <p>16. Клиенттік ұйым жұмыскерлерінің жобалық тобын өзгеріс жолсеріктерін қалыптастыруға қатысу</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Ұйым жұмыс істейтін секторды және оның қызметіне әсер ететін нарықтық факторларды білу;</p> <p>2. Ұйымның қызметіне әсер ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлар;</p> <p>3. Стратегиялық жоспарлаудағы жалпы талдау принциптері (PESTLE, SWOT, SOAR, салалық талдау, сценарийлерді жоспарлау, BCG матрицасы және басқа да талдау әдістері);</p> <p>4. Ұйымдық өсу стратегиялары, даму кезеңдері және сәттілік факторлары;</p> <p>5. Жүйелік ойлау тұжырымдамалары (компоненттердің өзара байланысы, кіріс-процесс-шығыс) және ұйымдық жүйелердің компоненттері (тәуелсіздік, кері байланыстың қажеттілігі, бөліктер бойынша саралау).</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>жоқ</p>
	<p>Машықтар:</p> <p>1. Жобаны/өзгерістерді жүзеге асыру үшін ұйымның ресурстарын дайындау және ұтымды пайдалану;</p> <p>2. Жобаны/өзгерістерді кезең-кезеңімен енгізуді ұйымдастыру;</p>

Еңбек функциясы 4:  
HR саласында  
консалтингтік қызметтер  
көрсету аясында жобалар  
мен өзгерістерді басқару

Дағды 3:  
Жобаны іске асыру.  
Ұсыныстар әзірлеу

3. Жобаны іске асырудың/өзгерістер енгізудің аралық нәтижелерін бақылау және басқарушылық шешімдер қабылдауға жәрдемдесу;
4. Басшылықтан, жұмыскерлерден кері байланыс жинау және талдау жүргізу;
5. Жобаны іске асыру/өзгерістерді басқару бойынша түзету шараларын қабылдау;
6. Жобаны/өзгерістерді іске асыру жоспарына түзетулер дайындау, келісу және енгізу;
7. Мүдделі тараптармен байланыс орнату;
8. Қол жеткізілген өзгерістерді бекіту үшін (жұмысты жақсартудағы жеке және топтық жетістіктер) жұмыскерлердің қол жеткізген нәтижелері мен табыстарын тануға жәрдемдесу;
9. Ұйымның құндылықтары мен этикасына сәйкес келетін шешімдер қабылдауда клиентке ықпал ету;
10. Адам ресурстарын басқарудың оңтайлы тетіктерін қалыптастыру үшін жағдай жасауға жәрдемдесу;
11. Жұмыскерлерді өзгерістерді басқару қағидаттары мен тәртібіне, ұйымдастырушылық өзгерістерге, жобалық басқаруға, тиімділікті бағалауға үйрету;
12. HR процестерін жақсарту үшін қосымша процедураларды әзірлеуге ықпал ету;
13. Клиентпен тұрақты кері байланысты сақтау;
14. Мәселені шешудің оңтайлы құралдары мен әдістерін анықтау, ұсыныстар жасау, оларды жүзеге асыруды сүйемелдеу;
15. Мақсатты көрсеткіштер мен нақты қол жеткізілген өзгерістер арасындағы сәйкессіздіктерді анықтау;
16. Инфрақұрылымды құруға жәрдемдесу (ұйымның сыртқы және ішкі ақпарат көздерімен байланысы: сарапшылар, кітапханалар, мәліметтер базасы, саланың басқа ұйымдары);
17. Білімді басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету;
18. Орындалған жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету;
19. Жобаны аяқтау/өзгерістер енгізу;
20. Жобаны/өзгерісті енгізу нәтижелерін талдау;
21. Клиенттен кері байланыс алу және жүргізілген жұмысты бағалау;
22. Клиенттің жаңа білімін және оның жобаны одан әрі іске асыру әдістеріне қатысты түсінігін тексеру;
23. Қызмет көрсету шарты негізінде клиентпен қаржылық есеп айырысуды аяқтау.

Білімдер:

1. Операциялық бизнес модельдері;
2. Ұйымдастырушылық даму және дизайн принциптері;

	<p>3. Стейкхолдер-менеджмент;</p> <p>4. Өзгерістерді басқарудың негізгі тәсілдері;</p> <p>5. Байланыс стратегиясы;</p> <p>6. Жүйелердің және "кіріс-процесс-шығыс" модельдерінің теориясы;</p> <p>7. Теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін қолдану;</p> <p>8. HR аналитикасы мен HR метрикасының технологиялары, әдістері мен принциптері.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	жоқ
<p>Дағды 4: Жобаны басқару/қызмет көрсету кезінде тәуекелдерді азайту</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. HR саласында сенімді және ғылыми негізделген әдістерді қолдану;</p> <p>2. Қызметтердің/жобаның сәтті іске асырылуына әсер ететін тәуекелдерді (мысалы, уақыт пен басқа ресурстардың жетіспеушілігі, ақпараттың жетіспеушілігі, бәсекелес бастамалар, ұйым басшылығының жеткіліксіз қолдауы, оқытудың болмауы, мәселенің ауқымы, клиент пен консультанттың пікіріндегі қайшылықтар және басқа факторлар), соның ішінде клиенттің тәуекелдерін, консультанттың тәуекелдерін анықтау ;</p> <p>3. Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-қимыл жоспарын, ішкі және сыртқы коммуникациялар жоспарын әзірлеу/ өзектендіру және үйлестіру;</p> <p>4. Мәселенің өткірлігі, ұйым ресурстарының көлемін және консультанттың мүмкіндіктерін ескере отырып, жобаны әзірлеу мен енгізудің оңтайлы мерзімдерін клиентпен талқылау;</p> <p>5. Клиентті басқарудың барлық деңгейлерінде, барлық мақсатты топтармен байланыс орнату, байланысты/байланыс арналарын, цифрлық платформаны пайдалану;</p> <p>6. Бірлескен жұмыс нәтижелері үшін клиентпен жауапкершілікті бөлісу, клиентке жағдайға өзіндік әсер ету шегі туралы, клиенттің өзі туралы және жобадан күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі қосымша факторлардың рөлі туралы ескерту;</p> <p>7. Клиенттің жұмыскерлері қарсылық танытқан жағдайда жұмыс істеуге жәрдемдесу;</p> <p>8. Клиентпен өзара әрекеттесу кезінде міндеттерді шешу сапасына әсер ететін тәуекел факторларын бейтараптандыру жөнінде шаралар қабылдау.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Тәуекелдерді басқару саласындағы заманауи үрдістер мен озық халықаралық технологиялар;</p> <p>2. HR контекстіндегі тәуекел санаттары;</p> <p>3. ISO 31000 принциптері.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	жоқ

Дағды 5:  
Жұмыскерлердің қарсылығына және жаңа жағдайларға бейімделу қиындығына байланысты тәуекелдерді азайту

#### Машықтар:

1. Бағдарламаның/өзгерістер жоспарының сәтті іске асырылуына әсер ететін клиент-тапсырыс берушінің жұмыскерлерінің қарсылығына байланысты ықтимал тәуекелдерді анықтау, талдау;
2. Жұмыскерлердің қарсылық білдіру себептерін зерттеу, түсіністік таныту және жұмыс қарсылығымен жұмысты ұйымдастыру (күмән, наразылық, надандық, әрекетсіздік, құлықсыздық);
3. Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-қимыл жоспарын, ішкі және сыртқы коммуникациялар жоспарын әзірлеу/өзектендіру және үйлестіру;
4. Клиентті үнемі хабардар етіп отыру және клиенттің барлық мүдделі мақсатты топтарын міндеттерді іске асыруға тарту;
5. Клиенттік ұйым жұмыскерлерінің өзгерістерге дайындығын қолдау және алу;
6. Жұмыскерлерді клиентке уақтылы, өзекті, қажетті ақпаратты, білімді және оларды өзгерістерге дайындауға арналған құралдарды ұсынуға үйрету;
7. Басқарудың барлық деңгейлерінде, барлық мақсатты топтармен байланыс орнату, байланыс/байланыс арналарын, цифрлық платформаларды пайдалану;
8. Клиенттің жұмыскерлеріне жобаны/өзгерістерді басқару мәселелері бойынша консультация беру;
9. Жұмыскерлердің қарсылығымен жұмыс істеуге жәрдемдесу;
10. Клиенттік ұйым басшылығының ұйымның құндылықтары мен этикасына сәйкес келетін шешімдер қабылдауына жәрдемдесу.

#### Білімдер:

1. Халықаралық еңбек стандарттары, негізгі даму тенденциялары және еңбек қатынастары саласындағы озық халықаралық технологиялар;
2. Ұйым жұмыс істейтін сала және оның қызметіне әсер ететін нарықтық факторлар;
3. Жұмыскерлердің теңдігі мен әртүрлілігі саласындағы ұйымның саясаты мен практикасы (diversity);
4. Еңбек қатынастарын басқару саласындағы саясаттар мен тәжірибелерді сақтамаудың салдары;
5. Кері байланыс беру түрлері/әдістері;
6. Ұйымдастырушылық мінез-құлық негіздері (көшбасшылықты ынталандыру теориялары);
7. Адам ресурстарын тартудың өзге де түрлері шеңберінде туындайтын еңбек қатынастарын және өзге де қатынастарды басқару мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер;
8. Қақтығыстарды басқару әдістері, процедуралар және медиация құралдары;

	<p>9. Ұйымдастырушылық мәдениетінің түрлері, мәдени модельдер (мысалы, Холл, Хофстед, Шейн);</p> <p>10. Ұйымдастырушылық мәдениет пен климатты талдау.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	жок
Дағды 1: Басқару жүйесін құру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ресурстарды жоспарлау, сапалы персоналды іріктеу және жалдау, жұмыста ұстап қалу және жылжыту, босату және толықтыру бойынша ішкі саясатты анықтау;</li> <li>2. Еңбек қатынастарын басқару;</li> <li>3. Жұмыскелерді оқыту және дамыту саясатын анықтау;</li> <li>4. Персонал қызметінің тиімділігін, жиынтық көтермелеуді/сыйақыны басқару жөніндегі саясатты айқындау;</li> <li>5. Консультантты кәсіби жетілдіру, оның кәсіби регалиясын және құзыреттіліктің басқа да куәліктерін растау (кәсіби қауымдастықтарға мүшелік, сертификаттау) шараларын қабылдау/жәрдемдесу;</li> <li>6. Консалтингтік ұйымның/консультант брендінің әсерін, клиенттердің қызмет таңдаудағы пікірлерін, беделін арттыруды анықтау;</li> <li>7. Консультанттың әдістемелерімен, құралдарымен және жұмыс стилімен даралығы негізінде HR-консалтинг нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыруды қамтамасыз ету;</li> <li>8. Құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз ету, консультанттың клиент-ұйымның персоналымен өзара әрекеттесу саясатының қағидаттарын ұстану;</li> <li>9. Білімді басқару, жедел әрекет ету мәдениетін дамыту (жедел кері байланысты қолдау, ақпарат алмасу мерзімдерін сақтау);</li> <li>10. Инновацияларды енгізу;</li> <li>11. Консалтингтік ұйымнан тыс білім алуға жәрдемдесу;</li> <li>12. Кері байланыс беру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыс берушінің бренді, оны құру және ілгерілету кезеңдері мен әдістері;</li> <li>2. Жұмыс берушінің құндылық ұсынысы;</li> <li>3. Персоналды іздеу, таңдау және іріктеу әдістері, әр әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ қолданылатын әдістердің тиімділігін бағалау үшін HR-метрика; әнгімелесу жүргізу әдістемелері;</li> <li>4. Үміткерлерді бағалау әдістері мен құралдары;</li> <li>5. Жұмыскердің өмірлік циклінің кезеңдері;</li> <li>6. Мотивация және көшбасшылық теориясы;</li> </ol>

7. Қатысу деңгейіне оң/теріс әсер ететін факторлар, қатысу деңгейі мен жұмыскердің әл-ауқатының, жұмыскердің қатысуы мен тиімділігі арасындағы байланыс;
8. Жұмыскерлерді жұмыста ұстап қалу әдістері; stay /exit-сұхбат принциптері;
9. Жиынтық ынталандыру жүйесінің теориялары мен практикасы;
10. Персоналдың қызметін бағалау, персоналдың сандық және сапалық құрамын талдау және болжау әдістері, еңбекті материалдық және материалдық емес ынталандыру нысандары;
11. HR қызметіне тарту, қанағаттануды зерттеу әдістері, іскерлік қарым-қатынас этикасының нормалары;
12. Қақтығыстарды басқару әдістері, процедуралар және медиация құралдары;
13. Тиімді коммуникацияларды құру әдістері мен принциптері;
14. Эмоционалды интеллект;
15. Халықаралық еңбек стандарттары, негізгі даму тенденциялары және персоналды оқыту мен дамыту саласындағы озық халықаралық технологиялар;
16. Персоналды оқыту мен дамытудың заманауи принциптері мен әдістері;
17. Оқыту теориялары, ұйымдағы оқыту деңгейлері;
18. Білімді сақтау стратегиялары;
19. Мансаптық өсу әдістері, мансапты басқару философиясы;
20. Коучинг негіздері, тәлімгерлік мүмкіндіктері;
21. Құзыреттілік модельдері, дағдылар мен құзыреттерді дамыту тәсілдері;
22. Жұмыскердің өмірлік циклінің кезеңдері;
23. Білім алмасу әдістері, көшбасшылықты дамыту әдістері;
24. Қажеттіліктерді бағалау әдістері (мысалы, ұйымдастырушылық, оқу);
25. ADDIE моделі және педагогикалық дизайнның өзге де тәсілдері;
26. Сабақтастықты жоспарлау әдістері;
27. Еңбек ұжымын қалыптастыру әдістері және талдау (олқылықтар мен шешімдер, іске асыру және бағалау, сұраныс пен ұсыныс, еңбек ұжымының профилі).

Дағдыны тану мүмкіндігі  
:

жоқ

Машықтар:

1. Корпоративтік мәдениет диагностикасының нәтижелерін талдау;
2. Мақсатты корпоративтік мәдениеттің дамуына тиімді әсер ететін HR технологиялары мен тәжірибелерін анықтау;

Еңбек функциясы 5:  
 Консалтингтік ұйымда  
 ішкі HR-процестердің  
 тиімділігін арттыруды  
 қамтамасыз ету

Дағды 2:  
 Корпоративтік  
 мәдениетті дамыту

3. Корпоративтік мәдениетке қатысты ұйымдастырушылық мүмкіндіктерді, олардың мінез-құлық деңгейіндегі көріністерін анықтау;
4. Ұйым алға қойған мақсатқа жетуі үшін стратегиялық сессиялар өткізу, мінез-құлық сценарийлерін әзірлеу;
Еңбек функциясы 1: Кәсіптік аурулардың алдын алуға бағытталған профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады
Дағды 3: Жұмыскерлердің денсаулық жағдайлары мен еңбек жағдайларына қатысты деректерді жинау және талдау.
Машықтар:
<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жоспарлар мен бағдарламаларды бірлесіп әзірлеу үшін жұмыскерлердің денсаулық жағдайы мен еңбек жағдайларына қатысты деректерді жинау, талдау үшін басшылықты, медициналық персоналды, өндірістік бөлімшелерді және жұмыскерлерді қоса алғанда, әртүрлі департаменттермен тиімді өзара әрекеттесу</li><li>2. Өнеркәсіптік қалдықтарды қауіпсіз басқаруды және олардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін зерделеу.</li><li>3. Жұмыс орнындағы ықтимал қауіптерді сәйкестендіру, олардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін талдау және тағы басқаларды азайту әдістерін ұсыну.</li><li>4. Денсаулық жағдайы мен еңбек жағдайына қатысты деректерді өңдеу және түсіндіру үшін арнайы бағдарламаларды меңгеру.</li><li>5. Сұраулар, сауалнамалар, сұхбаттар жүргізу және медициналық тексерулер мен зертханалық зерттеулердің нәтижелерін талдау.</li><li>6. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайы, еңбек жағдайлары және КТ туралы деректерді жинау, сондай-ақ іс-шараларды жоспарлау үшін оларды талдау.</li></ol>
Білімдер:
<ol style="list-style-type: none"><li>1. ЕҚЖК, санитариялық-гигиеналық талаптар мен КА профилактикасын реттейтін заңнама.</li><li>2. Инженерлік, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларды қоса алғанда, КТ төмендету және КА алдын алу әдістері.</li><li>3. Жұмыскерлердің аурушандық, жарақаттану және денсаулығының басқа параметрлерін талдауға арналған деректерді жинау әдістері мен статистикалық құралдар.</li><li>4. Жұмыскерлердің психикалық денсаулығының нашарлауына немесе КА әкелетін стресс, шамадан тыс жүктеме, монотонды жұмыс факторлары.</li><li>5. Жұмыскерлердің денсаулығына әсер ететін жұмыс орындарындағы қоршаған орта факторлары (шу, дiрiл, жарық, температура, химиялық заттар).</li><li>6. Тәуекел факторларын анықтау және жою үшін кәсіпорындағы технологиялар мен процестер.</li><li>7. Медициналық аспектілер (физиология, патология және эпидемиология) және еңбек қызметі кезеңінде пайда болатын жалпы және ерекше аурулар.</li></ol>
Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады
Дағды 4: Шығындар бюджетін негіздеу үшін денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру процесін ұйымдастыру.
Машықтар:
<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жоспарлар жасауды, міндеттерді бөлуді және іс-шаралардың орындалуына мониторингті қоса алғанда, денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ осы бағдарламалар мен профилактикалық іс-шараларына арналған шығындар бюджетін негіздеу.</li><li>2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін жұмыскерлерге және басшылыққа түсіндіру, оларды белгіленген нормаларды сақтауға ынталандыру.</li><li>3. Бағдарламалардың тиімділігін және олардың мақсаттарға сәйкестігін бағалау үшін көрсеткіштер әзірлеу (сырқаттанушылық деңгейін төмендету, еңбек жағдайларын жақсарту).</li><li>4. Өткізілген іс-шаралар нәтижелерін талдау негізінде бағдарламаларды түзету.</li><li>5. Профилактикалық алу шараларын енгізуді, медициналық тексерулерді, персоналды оқытуды және еңбек жағдайларын бақылауды қоса алғанда, процестер мен бастамаларды үйлестіру.</li></ol>

6. Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бағдарламаларын іске асыру үшін бюджетті қалыптастыру, ресурстарды бөлу және денсаулық пен еңбек гигиенасына байланысты бағдарламалардың бюджеттерін бақылау.
7. Команданың жұмысын үйлестіру және мерзімдердің сақталуын қадағалау.
8. Шығындарға талдау жүргізу (профилактика бағдарламаларына, еңбекті қорғауға, жабдықты сатып алуға арналған шығындар) және оларды болжамды пайдамен салыстыру (жарақаттануды, сырқаттанушылықты азайту, өнімділікті арттыру).
9. КТ талдау және осы тәуекелдерді азайту үшін профилактикалық шараларын жасау.
10. Тәуекелдер мен ықтимал шығындарды талдау негізінде іске асыру үшін аса маңызды іс-шараларды анықтау.
11. Басшылық пен сыртқы органдар үшін есептер, талдамалық жазбалар және бюджеттік негіздемелер жасау.
12. Компания басшылығы мен жұмыскерлеріне жоспарларды, бағдарламалар мен бюджеттерді тиімді таныстыру.
13. Жұмыскерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын жақсарту үшін профилактикалық шаралардың маңыздылығын негіздеу.
14. Жұмыскерлерді денсаулық сақтау бағдарламаларына ынталандыру және тарту, профилактикалық шараларына қатысуға қарсылық пен қаламаумен жұмыс істеу.

**Білімдер:**

1. Дұрыс емес дене мүсінімен, физикалық жүктемелермен және тағы басқалар байланысты кәсіптік аурулардың алдын алу үшін адамның физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыс орындарын жобалау қағидаттары.
2. Жобаларды басқару әдістері мен құралдары.
3. Кәсіптік аурулардың профилактика шығындарын және олардың алдын алудың пайдасын қоса алғанда, ЕҚЖҚ-ның экономикалық аспектілері.
4. Іс-шараларды дұрыс жоспарлау және бюджетті құру кезінде талаптарды есепке алу үшін ЕҚЖҚ саласындағы заңнаманың, санитарлық-гигиеналық нормалардың өзекті талаптары.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 5: Ұйым жұмыскерлерін тексеру, вакцинациялау және емдеу үшін медициналық мекемелермен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

**Машықтар:**

1. Пәнаралық (жобалық) командалардың жұмысын үйлестіру
2. Барлық қажетті процедуралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету үшін жұмыс беруші, жұмыскерлер және медициналық мекемелер арасындағы өзара әрекеттесу процесін басқару.
3. Ұйым басшылығымен медициналық мекемелермен өзара іс-қимыл жоспарларын келісу және медициналық іс-шараларға шығындар қажеттілігін негіздеу.
4. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайын бақылау және КА ерте диагностикасын жүргізу.
5. Жұмыс процесіне әсерін азайту үшін медициналық тексерулер мен процедуралар кестесін құруды қоса алғанда, тексеру, вакцинация және емдеу шараларын ұйымдастыру және үйлестіру.
6. Медициналық мекемелермен байланыс орнату, келіссөздер жүргізу, сенімді және тексерілген серіктестерді таңдау.
7. Медициналық мекемелермен шарттар жасасу, оның ішінде қызмет көрсету шарттарын, олардың көлемі мен мерзімдерін келісу.
8. Қажетті стандарттар мен талаптарға сәйкес көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бағалау.
9. Жұмыскерлерді медициналық мекемелерге жеткізу үшін мобильді медициналық топтарды ұйымдастыруды немесе логистиканы қамтамасыз етуді үйлестіру.
10. Әрбір жұмыскердің медициналық тексеруден және вакцинациядан өтуін бақылау және есепке алу жүйесін ұйымдастыру.

11. Медициналық мекемелермен, әсіресе қашықтан немесе онлайн жұмыс кезінде өзара әрекеттесу үшін заманауи байланыс құралдарына ие болу.

12. Жұмыскерлерге медициналық тексерулер мен вакцинациялардың қажеттілігін түсіндіру, сондай-ақ оларға медициналық процедуралар туралы кеңес беру.

Білімдер:

1. Жұмыс процесіне әсер ететін әлеуметтік аспектілер және кәсіпорындағы ұжымдық өзара әрекеттесу мен қауіпсіздік мәдениетін жақсарту жолдары.

2. Медициналық тексерулерді жүргізу тәртібі мен мерзімдері.

3. Денсаулық сақтау, еңбек гигиенасы және міндетті медициналық тексерулер саласындағы заңнама, медициналық тексерулерді, жұмыскерлерді вакцинациялау мен емдеуді, аурулардың профилактикасын реттейтін нормативтік актілер.

4. Негізгі медициналық тексерулер (мерзімді және міндетті медициналық тексерулер, флюорография, талдаулар және басқалар) және вакцинацияға қойылатын талаптар.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды

Дағды 1: Жұмыскерлердің денсаулығына ықтимал қауіптер мен кәсіптік тәуекел факторларын анықтау.

Машықтар

1. Физикалық (шу, діріл), химиялық (зиянды заттар), биологиялық (инфекциялар) немесе психологиялық (стресс, шамадан тыс жұмыс) факторлар сияқты ықтимал қауіптерді анықтау.

2. Жұмыскерлердің денсаулығына КТ әсерінің ықтималдығы мен ауырлығын бағалау үшін сапалық және сандық талдау әдістерін, озық әдістерді қолдану: қауіптілік пен басқаруды талдау (HAZOP), ақаулардың түрлері мен салдарын талдау (FMEA), өндірістегі қауіптерді талдау (PHA).

3. Жұмыскерлердің қауіпсіздігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтау үшін стратегиялық құралдарды қолдану.

4. Ықтимал қауіптерді анықтау үшін жұмыс орындарын үнемі тексеріп отыру.

5. Қауіпсіздіктің ішкі аудиттерін ұйымдастыру және жүргізу, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша актілер мен нұсқамалар жасау.

6. Зиянды заттардың концентрациясын анықтау үшін шу, діріл, жарық, ауа анализаторларын өлшеуге арналған аспаптарға ие болу.

7. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайы мен жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары, жұмыс процестері, жабдықтар, химиялық, физикалық және биологиялық факторлардың әсері туралы деректерді талдау.

8. ЗжҚӨФ әсерінің деңгейін төмендету үшін инженерлік және әкімшілік шараларды ұсыну және енгізу (желдетуді жақсарту, процестерді автоматтандыру, қауіпті аймақтарда болу уақытын азайту және басқа шаралар).

9. Нақты қауіптер мәнмәтінінде ЖҚҚ тиімділігін бағалау.

10. Стрестің, жұмыс климатының және психоәлеуметтік факторлардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін түсіну.

11. Медициналық тексерулерді, аурушаңдық пен жарақат туралы деректерді талдау, осы мәліметтер негізінде жұмыскерлердің денсаулығы үшін КТ деңгейін анықтау және бағалау.

Білімдер:

1. ЗжҚӨФ әсерінің деңгейін төмендету үшін инженерлік және әкімшілік шаралар.

2. Психоәлеуметтік аспектілер.

3. ЕҚЖҚ және жұмыскерлердің денсаулығын қорғау саласындағы заңнамалар мен нормативтік актілер, еңбек қауіпсіздігі стандарттары, санитариялық-гигиеналық нормалар және тәуекелдерді бағалауды жүргізу қағидалары.

4. Нақты тар салалық нормативтік талаптар.

5. ЖҚҚ пайдалануға және тексеруге қойылатын талаптар.  
6. Жұмыскерлердің денсаулығына КТ әсер ету ықтималдығы мен ауырлығын бағалау үшін сапалық және сандық талдау әдістері.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 2: Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын бағалау жөніндегі деректерді және зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың жұмыскерлердің денсаулығына әсері (шу, діріл, химиялық заттар және басқа факторлар) туралы мәліметтерді ескере отырып, кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау.

Машықтар:

1. Еңбек жағдайларын жақсарту бағдарламаларын әзірлеу үшін КТ негізгі көздерін анықтау үшін санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес ЗжҚӨФ және жұмыс ортасының әсеріне байланысты КТ сәйкестендіру және бағалау.
2. Жұмыс орындарындағы қауіптерді анықтау, еңбек жағдайларын талдау және денсаулыққа қауіп төндіретін негізгі көздерді анықтау.
3. Денсаулыққа ықтимал қауіптерді сандық бағалауға мүмкіндік беретін КТ (салдардың ықтималдығы мен ауырлығы матрицасы, сыни бақылау нүктелерін талдау) бағалау әдістерін меңгеру.
4. Химиялық, физикалық, биологиялық және психоәлеуметтік факторлардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін, соның ішінде кәсіптік аурулар сияқты ұзақ мерзімді әсерлерді бағалау.
5. Еңбек жағдайларына байланысты жұмысшылардың денсаулығына төнетін ерекше қауіптерді бағалау және қажетті медициналық шараларды таңдау (белгілі бір ауруларға қарсы вакцинация).
6. Жұмыскерлердің эмоционалды және психикалық әл-ауқатына байланысты факторларды анықтау: стресс, шамадан тыс жүктеме және ұйымдастыру проблемалары.
7. КТ талдау және жіктеу, сондай-ақ еңбек жағдайларын бағалау.
8. Жұмыс орындарын аттестаттау карталарымен, еңбек жағдайларын зерттеу хаттамаларымен, өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы есептермен және санитарлық қорытындылармен жұмыс істеу.
9. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін зиянды факторлардың деңгейін өлшеуге арналған аспаптарға (шу өлшегіштер, газталдағыштар, дозиметрлер) ие болу.
10. Өлшеу нәтижелерін талдау (шу деңгейі, химиялық заттардың концентрациясы, жарық деңгейі) және жұмыскерлердің денсаулығы үшін КТ дәрежесі туралы қорытынды жасау.
11. КТ бағалау және басқару үшін бағдарламалық кешендермен жұмыс істеу (мамандандырылған (HSE) жүйелері немесе еңбек жағдайларын талдауға арналған бағдарламалар).

Білімдер:

1. Зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясына (ШПК), шу деңгейіне, дірілге, жарыққа және басқа факторларға қатысты ЕҚЖҚ және санитариялық-гигиеналық нормаларды реттейтін заңнама.
2. Токсикология және физиология.
3. Тәуекелдерді, қауіптерді және басқаруды талдау әдістері (HAZOP) немесе ықтимал қауіптерді бағалау үшін сәтсіздіктердің түрлері мен салдарын талдау (FMEA).
4. Кәсіптік аурулардың дамуына әкелетін факторлар: пневмокониоз, дерматоздар, есту және көру органдарының аурулары, созылмалы улану.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 3: Жұмыскерлердің еңбекке қабілеттілігінен айырылу тәуекелдерін азайтуға бағытталған профилактикалық шараларын енгізу және тиімділігін бақылау.

Машықтар:

1. Жұмыс орнында тәуекелдерді азайту немесе жою бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Еңбек  
функциясы 2:  
Жұмыскерлер  
дің

денсаулығы  
ү ш і н  
тәуекелдерді  
бағалау және  
басқаруды  
жүргізу

2. Талдау және мониторинг нәтижелеріне негізделген қауіптердің алдын алу шараларын бағалау және түзету.
3. Еңбекті қорғау және денсаулық сақтау бойынша бірлескен шараларды енгізу үшін әртүрлі бөлімшелермен жұмыстарды үйлестіру.
4. Тәуекелдерді кешенді бағалау және еңбек жағдайларын жақсарту бағдарламаларын әзірлеу үшін дәрігерлермен, инженерлермен, ЕҚЖҚ мамандарымен және өндірістік персоналмен командада жұмыс істеу.
5. Өзекті заңдар мен нормативтік құжаттар негізінде ЕҚЖҚ бойынша бағдарламалар әзірлеу.
6. Жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар бойынша деректерді статистикалық талдау және интерпретациялау әдістерін меңгеру.
7. Оқиғалардың негізгі себептерін анықтау және олардың қайталануын болдырмау үшін түзету шараларын жасау.
8. ЕҚЖҚ басқару жүйелеріне ішкі аудит жүргізу.
9. Енгізілген шаралардың тиімділігін бағалау және алынған нәтижелер негізінде жақсартуларды ұсыну.
10. Психоәлеуметтік қауіп факторларын (стресс, шаршап қалу) және олардың жұмыскерлердің өнімділігі мен денсаулығына әсерін зерттеу және түсіну.
11. Жұмыс орнындағы стрессті азайту және жұмыскерлердің психологиялық әл-ауқатын жақсарту бойынша шаралар әзірлеу.
12. ТЖ кезіндегі эвакуациялау және іс-қимылдар бойынша жаттығуды ұйымдастыруға қатысу.

Білімдер:

1. ЕҚЖҚ саласындағы заңнама, ұлттық және халықаралық стандарттар, өндірістік қауіпсіздікті реттейтін санитариялық нормалар мен ережелер.
2. Өндірістік орта факторлары: физикалық, химиялық, биологиялық, эргономикалық және психоәлеуметтік қауіп факторлары.
3. Қауіптерді азайту немесе жою үшін алдын алу шараларын әзірлеу мен енгізуді қоса алғанда, КТ басқару қағидаттары.
4. Жұмыскерлердің денсаулығына байланысты деректерді талдау әдістері және ықтимал үрдістерді немесе тәуекел топтарын анықтау.
5. КА және жарақаттардың алдын алудың заманауи әдістері мен технологиялары.
6. Психоәлеуметтік қауіп факторлары (стресс, шаршап қалу) және олардың жұмыскерлердің өнімділігі мен денсаулығына әсері.
7. Төтенше жағдайларды жоспарлау және әрекет ету қағидаттары (химиялық заттардың ағуы, өрттер, жарылыстар және басқа).

Дағды 4: Кәсіптік аурулардың ерте белгілерін және денсаулық нормаларынан ауытқуларды сәйкестендіру үшін аурулар (кәсіптік ауруларды қоса) және жарақаттар (микротраумаларды қоса) статистикасын талдау.

Машықтар:

1. Тенденциялар мен ықтимал тәуекелдерді анықтау үшін өндірістік жарақат және КА деректерімен жұмыс істеу.
2. Денсаулыққа тәуекелдерді ерте анықтау үшін медициналық тексерулер мен зерттеу нәтижелерін талдау.
3. Аурулар мен жарақаттардың ықтимал көздерін анықтау үшін жұмыс жағдайларын талдау.
4. Сипаттамалық статистиканың негіздерін меңгеру (орташа мәндер, медиана, режим, дисперсия, стандартты ауытқу).
5. Кәсіптік және жалпы ауруларды ажырату, олардың дамуына ықпал ететін факторларды түсіну және айқындау.

Білімдер:

1. Деректерді талдаудың статистикалық әдістері: еңбек жағдайлары мен жұмыскерлердің денсаулық жағдайы арасындағы байланысты анықтау үшін регрессиялық талдау, корреляциялық талдау, болжау және тағы бақалар.
2. КА даму тетіктерін және олардың алғашқы белгілерін айқындау.
3. КА ерте диагностикалау әдістері.
4. Белгілі бір санаттағы жұмыскерлер арасында аурудың таралу заңдылықтары.
5. Сипаттамалық және инференциалдық статистика әдістері (сырқаттанушылық жиілігін талдау, жарақаттану және КА коэффициенттерін есептеу).

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды

Дағды 5: Еңбек жағдайларын жақсарту және жұмыскерлердің аурушандығын азайту үшін есептер мен ұсынымдар дайындау.

Машықтар:

1. Сырқаттанушылық, жарақаттану, медициналық тексерулердің нәтижелері, өндірістік жағдайлар мен қауіп факторлары туралы деректерді жинау.
2. Статистикалық деректерді талдау, ауру мен еңбек жағдайлары туралы мәліметтердегі тенденцияларды, заңдылықтар мен ауытқуларды анықтау.
3. Есептілікті жүргізу және мемлекеттік бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасау.
4. ЕҚЖҚ саласындағы медициналық мекемелермен, кәсіптік патологтармен және мемлекеттік бақылау органдарымен ынтымақтасу.
5. Медициналық тексерулер мен вакцинация нәтижелерінің құжаттамасын және есебін жүргізу, жұмыскерлердің дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету.
6. Медициналық тексерулер мен вакцинация мәселелері бойынша бақылаушы органдар үшін есептілікті, компания үшін ішкі есептілікті дайындау.
7. Есептер жасау, регламенттер, рәсімдер, нұсқаулықтар және басқа да нормативтік құжаттарды әзірлеу.
8. Деректерді жақсы түсіндіру және оларды басшылық пен жұмыскерлерге жеткізу үшін талдау нәтижелерін графиктер, диаграммалар, кестелер түрінде ұсыну.
9. Есепті басқару мен мамандардың әртүрлі деңгейлерімен түсіну үшін мәліметтерді нақты түсіндіре отырып, ақпаратты жазбаша түрде жазу.

Білімдер:

1. Еңбекті қорғау саласындағы заңнаманың, стандарттар мен нормативтердің, санитариялық-гигиеналық нормалардың, сондай-ақ сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі ұсынымдардың талаптары.
2. Есептерді ұсынудың міндетті нысандары мен мерзімдерін қоса алғанда, ЕҚЖҚ бойынша есептердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын нормативтік талаптар.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды

Дағды 1: Денсаулық сақтау бойынша іске асырылатын бағдарламалардың тиімділігін мониторингтеу (бақылау) және бағалау жүйелерін әзірлеу.

Машықтар:

1. Мақсаттарды, мерзімдерді, кезеңдерді, ресурстарды және жауапты тұлғаларды айқындай отырып, мониторинг жүйесін енгізу жөніндегі жоба жоспарын әзірлеу.
2. Алынған нәтижелерге байланысты бағдарламаларды бейімдеу және өзгерту.
3. Жаңа жүйелерді енгізу кезінде ұйымдағы өзгерістерді басқару.
4. Медициналық деректерді жүйеге біріктіру үшін дәрігерлермен, гигиенистермен және басқа мамандармен өзара әрекеттесу.
5. Тәуекелдерді азайту және еңбек жағдайларын жақсарту үшін енгізілген алдын алу шаралары мен бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін мониторинг жүйелерін әзірлеу.
6. Бағдарламаларды түзету үшін жұмыскерлердің денсаулығы мен сырқаттанушылық туралы мәліметтерді талдау.

7. Жоспардың орындалуын қадағалау, қажет болған жағдайда түзетулер енгізу, іс-шаралардың іске асырылуына және мақсаттарға қол жеткізуге бақылау жүргізу.
8. Жұмыскерлердің денсаулығы туралы деректерді есепке алудың цифрлық жүйелерімен жұмыс істеу (HRM-жүйелер, медициналық тексерулерді есепке алуға арналған арнайы бағдарламалар).
9. ЗжҚӨФ өлшеулерін жүргізу және олардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін бағалау.
10. Қауіпті бақылау және талдау үшін денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды (HSE) басқару бағдарламалық құралын пайдаланыңыз.
11. Аурулардың алдын алу мақсатында жұмыскерлердің денсаулық жағдайына тұрақты мониторинг ұйымдастыру және жүргізу.
12. Ұсынылған шаралардың нәтижелілігін және олардың жұмыскерлердің денсаулығы мен еңбек өнімділігіне әсерін бағалау, жұмыскерлерді емдеу шығындарын және жарақат үшін өтемақыны азайту.
13. Нақты жұмыс жағдайларына байланысты тәуекелдерге талдау жүргізу және оларды азайту бойынша іс-шаралар әзірлеу.
14. Енгізілген бағдарламалардың тиімділігін бағалау үшін статистикалық және аналитикалық әдістерді қолдану (сырқаттанушылық деңгейін төмендету, өнімділікті жақсарту және басқалар).
15. Бағдарламалар мен алдын алу шараларын мониторингілеу және бағалау үшін тиімділік көрсеткіштерін анықтау және қолдану.
16. Деректерді сақтау, өңдеу және талдау үшін мәліметтер базасымен жұмыс жасау.
17. Көрнекі есептер жасау үшін деректерді визуализациялау құралдарына ие болу.
18. Мониторингтің жаңа құралдарын пайдалану бойынша жұмыскерлерді оқыту бағдарламаларын әзірлеу және оларды еңбек жағдайларын жақсарту процесіне тарту.
19. Олардың тиімділігін негіздеу үшін енгізілген бағдарламалардың экономикалық тиімділігін есептеу әдістерін меңгеру.

**Білімдер:**

1. Еңбек жағдайларын мониторингілеуге, құжаттаманы жүргізуге, медициналық тексерулерді есепке алуға және тәуекелдерді бағалауды жүргізуге арналған автоматтандыру және цифрлық шешімдер жүйелері.
2. ЗжҚӨФ жіктеуіші.
3. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайы туралы деректерді жинауға арналған әдістер мен құралдар (медициналық тексерулер, сауалнамалар, өндірістік көрсеткіштер және басқалар).
4. Енгізілген бағдарламалардың экономикалық тиімділігін есептеу әдістері.
5. Көрнекі есептер жасауға арналған деректерді визуализациялау құралдары.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 2: Медициналық қарап-тексерулерді ұйымдастыру және үйлестіру.

**Машықтар:**

1. Жұмыскерлердің психоэмоционалды жағдайын жақсарту бағдарламаларын әзірлеу (стрессті азайту, жұмыс климатын жақсарту бағдарламалары).
2. Уақыт өте келе денсаулық көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын анықтау.
3. Медициналық терминологияны меңгеру, медициналық тексерулердің нәтижелерін және олардың жұмыскерлердің еңбекке қабілеттілігіне әсерін түсіндіру, сондай-ақ алынған мәліметтерге байланысты еңбек жағдайларын түзету.
4. Жұмыскерлердің денсаулығындағы ауытқуларды анықтау үшін медициналық қарап-тексеруден алынған деректерді талдау және түсіндіру.
5. Заңнамалық талаптарға сәйкес және жұмыс процестерін бұзбай медициналық тексерулерді жүргізу мерзімдері мен тәртібінің сақталуын бақылау.

Еңбек  
функциясы 3:  
Жұмыскерлер  
дің  
денсаулығын  
мониторингте  
у

6. Медициналық тексерулер жүргізу үшін сертификатталған медициналық мекемелерді таңдау, қызметтердің шарттары, мерзімдері мен құны туралы келіссөздер жүргізу.
7. Жұмыс уақытының жоғалуын азайта отырып, ыңғайлы уақытта физикалық тексерулерді ұйымдастыру.
8. Құжаттаманың (медициналық қорытындылардың, тексеру парақтарының және басқалар) дұрыс ресімделуін және оның кадр қызметіне және басқа бөлімшелерге уақтылы берілуін бақылау.
9. Жұмыскердің медициналық қарап-тексеруден өтуге қаламауына немесе мүмкін еместігіне байланысты ықтимал қақтығыстар мен түсініспеушіліктерді шешу және осы процесте жұмыскерлердің құқықтарын сақтау.
10. Медициналық тексерулердің нәтижелерін және еңбек жағдайлары бойынша ұсынымдарды жедел алу үшін дәрігерлермен және мамандармен нақты өзара іс-қимыл жасау.
11. Медициналық қарап-тексерулердің нәтижелерін және олардың жұмыскерлердің еңбекке қабілеттілігіне әсерін түсіндіру, сондай-ақ алынған мәліметтерге байланысты еңбек жағдайларын түзету.
12. Жүргізілген медициналық қарап-тексерулер туралы деректерді ұйымдастыру және жүйелеу, оларды заңнамалық талаптарға сәйкес сақтау.
13. Медициналық қарап-тексерулерді есепке алу және мониторинг жүргізу және қателерді азайту және мерзімдерді сақтау үшін медициналық тексерулерді ұйымдастыру процесін автоматтандыру үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеру.
14. Медициналық мекемелердің қызметтерінің құнын және қосымша тексерулердің қажеттілігін талдай отырып, медициналық қарап-тексерулерге бөлінген бюджетті жоспарлау және оңтайландыру.

Білімдер:

1. Медициналық тексерулерді жүргізуді реттейтін заңнамалық және нормативтік талаптар.
2. ЗжҚӨФ-дың кәсіптік қызметі мен әсеріне байланысты тексеру түрлері.
3. Жұмыскерді белгілі бір міндеттерді орындауға шектеу немесе жібермеу себебі болып табылатын аурулар мен жағдайлардың тізбесі.
4. Ауруларды уақтылы анықтау және профилактика үшін әртүрлі салаларда жұмыс істеуге байланысты кәсіптік аурулар мен тәуекелдердің ерекшелігі.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды

Дағды 3: Кәсіптік аурулардың ерте белгілерін және денсаулық нормаларынан ауытқуларды анықтау мақсатында аурулардың (кәсіптік ауруларды қоса алғанда) және жарақаттардың (микрожарақаттарды қоса алғанда) статистикасын талдау.

Машықтар:

1. Статистикалық ақпаратты өңдеу үшін IT өнімдерімен және арнайы деректерді талдау бағдарламаларымен жұмыс жасау.
2. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайы туралы деректерді талдау және жүйелеу.
3. Кәсіпорындағы сырқаттанушылық статистикасын талдау және еңбек жағдайлары мен кәсіптік аурулар арасындағы корреляцияны анықтау.
4. Аурулар мен жарақаттар статистикасындағы ерте тенденцияларды анықтау үшін болжамды талдау әдістерін қолдану.

Білімдер:

1. Статистикалық ақпаратты өңдеуге арналған IT-өнімдері мен арнайы деректерді талдау бағдарламалары.
2. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайы туралы деректерді есепке алу және талдау жүйелері.
3. Еңбек жағдайлары мен жұмыскерлерге әсер ету мәнмәтінінде денсаулық нормаларынан ауытқуларды анықтауға арналған еңбек гигиенасы қағидаттары.

Дағдыларды тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Дағды 4: Еңбек жағдайларын жақсарту және жұмыскерлердің аурушандығын азайту үшін есептер мен ұсынымдар дайындау.	
Машықтар:	
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Компания басшылығына тәуекелдерді бағалау нәтижелерін нақты және дәлелді түрде ұсыну және еңбек жағдайларын жақсарту шараларын ұсыну.</li> <li>2. Деректерді визуалды түсіндіру және оларды басшылық пен жұмыскерлерге жеткізу үшін графиктерді, диаграммаларды, кестелерді және басқа визуалды құралдарды қолдана отырып, логикалық, құрылымдық есептер түрінде талдау нәтижелерін ұсыну.</li> <li>3. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайы, сырқаттанушылық, өндірістік жағдайлар және КТ туралы мәліметтер жинау, оларды құрылымдау және жүйелеу, ақпаратты талдау және ұсыныстар дайындау үшін ыңғайлы және түсінікті түрде ұсыну.</li> <li>4. Деректерді автоматтандырылған өңдеу және есеп беру үшін бағдарламалық технологияларды меңгеру.</li> <li>5. КТ және аурулар туралы мәліметтер негізінде еңбек жағдайларын жақсарту және аурулардың алдын алу үшін нақты шараларды әзірлеу.</li> <li>6. Жұмыскерлердің денсаулығына әсер ететін себептерге, соның ішінде ЗжҚӨФ әсеріне, еңбек және демалыс режиміне, сондай-ақ жұмыскерлердің жеке сипаттамаларына (жасына, жұмыс өтіліне және басқа сипаттамалар) талдау жүргізу.</li> <li>7. Өндірістік факторлар мен жұмыскерлердің денсаулық жағдайы (қауіпті заттардың немесе жүктемелердің әсеріне байланысты сырқаттанушылық) арасындағы корреляцияны анықтау үшін деректерді статистикалық өңдеу әдістерін меңгеру.</li> <li>8. Ұсынымдарды қалыптастыру үшін ЕҚЖҚ, өндірістік санитария және КА профилактикасына қатысты нормативтік актілер мен стандарттарға бағдарлану.</li> <li>9. Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша енгізілген іс-шаралардың (сырқаттанушылық деңгейін төмендету, жазатайым оқиғалар мен жарақаттар санын азайту) табыстылығын бағалау үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін әзірлеу және қолдану.</li> <li>10. Еңбек жағдайларын жақсарту шараларын әзірлеу кезінде медициналық, техникалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық аспектілерді біріктіру.</li> </ol>	
Білімдер:	
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыскерлердің денсаулығына әсер ететін факторлар және оларды бақылау және азайту әдістері.</li> <li>2. Медициналық қарап-тексерулер жүргізу саласындағы заңнамалық және нормативтік талаптар, стандарттар.</li> <li>3. Кәсіптік аурулардың алдын алу тәсілдері.</li> <li>4. Ұсынылған іс-шаралардың рентабельділігін бағалау әдістері және олардың еңбек өнімділігі мен жұмыскерлердің денсаулығына әсері.</li> <li>5. Халықаралық тәжірибеде қолданылатын еңбекті жақсартудың және сырқаттанушылықты төмендетудің заманауи әдістері (эргономика қағидаттары, жұмыс орнында денсаулықты нығайту жөніндегі бағдарламаларды енгізу) еңбек жағдайларын жақсарту үшін инновациялық технологияларды енгізу (процестерді автоматтандыру, қауіпсіз материалдарды пайдалану).</li> </ol>	
Дағдыларды тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Дағды 1: Жұмыскердің денсаулығына байланысты еңбекке қабілеттілігіннен айырылу себептерін кешенді тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу.	
Машықтар:	
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зиянды және қауіпті факторлардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін сәйкестендіру, бағалау және ескеру.</li> </ol>	

2. Медициналық деректерді, куәгерлердің айғақтарын, еңбек жағдайларын бағалау нәтижелерін және тергеп-тергеуге көмектесетін басқа материалдарды қоса алғанда, ақпаратты тиімді жинау.
3. Тергеп-тексеру материалдарын заңнамалық талаптарға, соның ішінде актілерге, есептерге және қорытындыларға сәйкес дұрыс рәсімдеу.
4. Еңбек жағдайларын және олардың жұмыскерлердің денсаулығына әсерін талдау.
5. Жабдықты, химиялық заттарды және денсаулыққа әсер ететін басқа факторларды бағалау.
6. Өндірістік орта факторларының жұмыскерлердің денсаулығына әсерін, олардың адам ағзасына ұзақ мерзімді әсерін түсіну.
7. Жұмыскерлердің денсаулығы мен жазатайым оқиғалары туралы деректерді талдау және ақпаратты статистикалық өңдеу әдістерін меңгеру.
8. Тергеп-тексерудің барлық кезеңдерін жоспарлау және үйлестіру, соның ішінде ақпарат жинау, есептер мен ұсыныстар дайындау, жұмыс топтарын басқару.
9. Мүдделі тараптармен: жұмыскерлермен, медициналық жұмыскерлермен, басшылықпен, кәсіподақ өкілдерімен және тергеуге мүдделі басқа адамдармен өзара әрекеттесу.
10. Фактілерді сипаттауды, себептерді талдауды және болашақта осындай жағдайлардың алдын алу бойынша ұсыныстарды тұжырымдауды қоса алғанда, тергеп-тексеру нәтижелерін сауатты және нақты баяндау.
11. Оқиғалардың қайталануын болдырмау және болашақта еңбекке жарамсыздықты азайту үшін еңбек жағдайларын өзгерту бойынша ұсынымдар әзірлеу.
12. Жұмыскерлердің денсаулығына әсер ететін психологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескеру (стресс, жүктеме, жұмыстағы тұлғааралық қатынастар), бұл жұмыс қабілетінің жоғалуына әсер етеді.
13. Тергеп-тексеру процестерін автоматтандыру, деректерді жинау және еңбек жағдайларын талдау бағдарламаларын меңгеру.
14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбек медицинасы саласында инновациялық тәсілдер мен заманауи технологияларды қолдану (жұмыскерлердің денсаулығын бақылау үшін датчиктерді немесе деректерді талдау негізінде тәуекелдерді болжау технологияларын пайдалану).
15. Жазатайым оқиғалардан сақтандыру және КА процестерін түсіну (өтемақы ережелері және еңбекке жарамсыздықты растау рәсімдері).
16. Өтемақы мен еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру процедураларына байланысты жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы ықтимал қақтығыстарды шешу.

Білімдер:

1. Еңбек ету қабілетінен айырылуға байланысты жұмыс орнындағы инциденттерге тергеп-тексеру жүргізу, негізгі себептер мен себеп-салдарлық байланыстарды талдау әдістері.
2. Кәсіптік аурулар, олардың белгілері және еңбекке жарамсыздыққа әкелетін қауіп факторлары.
3. Еңбек жағдайларына байланысты КТ бағалау әдістері және олардың жұмыс қабілеттілігін айырылу себептерімен байланысы.
4. Жұмыскерлердің денсаулығы мен жазатайым оқиғалары туралы деректерді талдау және ақпаратты статистикалық өңдеу әдістері.
5. Еңбекке қабілеттілігінен айырылған жұмыскерлерді медициналық сараптау және оңалту.
6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбек медицинасы саласындағы заманауи технологиялар.
7. ЕҚЖҚ, сақтандыру, еңбек гигиенасы саласындағы заңнамалар.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 2: Жұмыскердің денсаулығын жоғалтуының ықтимал себептерін анықтау үшін деректерді жүйелеу және талдау.

Машықтар:

1. Жұмыс орындарына аудит жүргізу, еңбек жағдайларын талдау, нормативтік талаптарға сәйкессіздіктерді және жұмыскерлердің денсаулығы үшін ықтимал тәуекелдерді анықтау.
2. Жұмыс орнындағы денсаулыққа қауіп факторларын (шу, діріл, улы заттар, физикалық белсенділік, ыңғайсыз позалар) сәйкестендіру және жіктеу, осы факторлардың жұмыскерлердің денсаулығына қысқа және ұзақ мерзімді әсерін түсіну.
3. Медициналық қарап-тексерулердің нәтижелерін, жазатайым оқиғалар туралы деректерді, сырқаттанушылық статистикасын, ЕҚЖҚ бойынша есептерді және басқа да тиісті материалдарды қоса алғанда, әртүрлі көздерден жұмыскерлердің денсаулығы және олардың еңбек жағдайлары туралы деректерді жинау.
4. Жұмыскерлердің санаттарын, олардың кәсіптерін, жұмыс өтілін, еңбек қызметінің сипатын және әсер етуші факторларды ескере отырып, деректерді талдауға ыңғайлы құрылымдарға (мәліметтер базасына, кестелерге) ұйымдастыру.
5. Әрі қарай талдауға дайындалу үшін "лас" деректермен жұмыс істеу, соның ішінде оларды сүзу, кателерді жою және өткізіп жіберу.
6. Деректердегі корреляциялар мен тенденцияларды анықтау үшін статистикалық талдау әдістерін қолдану (зиянды факторлардың әсері мен ауру деңгейі арасындағы байланыс).
7. Деректерді терең талдауға мүмкіндік беретін денсаулықты жоғалту қаупінің негізгі себептерін анықтау және талдау, ЗЖҚӨФ әсеріне және жұмыс орындарындағы қауіптерге байланысты еңбекке қабілеттілік деңгейін төмендету әдістерін (JSA - Job Safety Analysis әдістемесінің аналогтары) меңгеру.
8. Уақыт өте келе жұмыскерлердің аурушандығы мен еңбекке қабілеттілігін жоғалту бойынша деректерді талдау (жаңа технологиялар енгізілгеннен кейінгі өзгерістер динамикасы немесе еңбекті ұйымдастырудағы өзгерістер).
9. Деректерді талдау үшін цифрлық технологиялар мен бағдарламалық жасақтаманы қолдану.
10. Деректерді талдауға және визуализациялауға арналған құралдарды және ЕҚЖҚ және КТ басқаруға арналған мамандандырылған бағдарламаларды меңгеру.
11. Егер жұмыскерлердің денсаулығы мен олардың еңбек жағдайлары туралы деректер орталықтандырылған жүйелерде сақталса, деректерді алу, сүзу және жинақтау үшін SQL тіліндегі сұрау дағдыларын қоса алғанда, мәліметтер базасымен жұмыс істеу.
12. Еңбек жағдайларын бағалау әдістерін түсіну: өндірістік объектілерді аттестаттау, өндірістік факторларды бағалау, эргономикалық зерттеулер және талдауға қажетті деректерді жинау үшін қолданылатын басқа әдістер.
13. Жиналған мәліметтер негізінде денсаулықты жоғалтудың ықтимал себептері туралы гипотезаларды тұжырымдау (аурудың өсуі еңбек жағдайының өзгеруімен немесе жүктеменің жоғарылауымен байланысты деген болжам).
14. Жұмыскерлердің денсаулығына әсер ететін негізгі факторларды анықтау және олардың негізінде еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсынымдар жасау.
15. Барлық мүдделі тараптар (басшылық, жұмыскерлер, медицина мамандары) үшін есепті түсіну және қол жетімділік үшін графиктер, диаграммалар, инфографика арқылы деректер мен талдау нәтижелерін визуализациялау.
16. Еңбек жағдайларын өзгерту, жабдықты жаңғырту немесе жұмыс орнындағы процестерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, деректерді талдау негізінде кәсіптік тәуекелдерді төмендету бойынша практикалық ұсынымдар мен алдын алу шараларын әзірлеу.
17. Ұсынылған шаралардың экономикалық орындылығын деректерді талдау негізінде бағалау, соның ішінде еңбекке қабілеттілігін төмендетудің ықтимал пайдасын есептеу (жұмыс уақытының жоғалуын азайту, емдеу шығындарын азайту, сақтандыру төлемдерін азайту).
18. Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстары бар есептер түрінде деректерді талдау нәтижелерін ресімдеу.

Еңбек функциясы 4: Жұмыскерлердің денсаулығына байланысты еңбек ету қабілетінен айрылу жағдайларына тергеп-тексеру жүргізу және талдау

19. Дәрігерлерді, инженерлерді, ЕҚЖҚ мамандарын және басқа да сарапшыларды қоса алғанда, жұмыскерлердің денсаулығына тәуекелді азайту бойынша деректер алу және шаралар әзірлеу үшін пәнаралық топта жұмыс істеу.

20. Жұмыскерлердің денсаулығын жоғалту себептерін дәлірек талдау үшін әртүрлі көздерден - медициналық қарап-тексерулерден, еңбек жағдайларын бағалаудан және өндірістік процестерден алынған деректерді біріктіру.

21. Жұмыскерлердің денсаулығы туралы деректерді этикалық пайдалану және заңнамаға сәйкес олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету.

Білімдер:

1. Араласудың басым аймақтарын анықтау және басқарудың алдын алу шараларын (алдын алу) әзірлеу үшін КТБағ-дың заманауи әдістері.

2. Кәсіптік аурулардың сипаты, оларды тудыратын факторлар (химиялық заттардың әсері, физикалық факторлар, стресс) және еңбек жағдайларының жұмыскерлердің денсаулығына әсері.

3. Жинақталған (жиналған) деректерді талдау үшін қолданылатын статистикалық әдістер мен әдістер.

4. Медициналық қарап-тексерулер жүргізуді, еңбек гигиенасын және КА профилактикасын реттейтін заңнамалық актілерді қоса алғанда, ЕҚЖҚ саласындағы заңнамалық және нормативтік талаптар мен стандарттар.

5. Жұмыскерлердің жеке деректерімен жұмыс істеу кезінде деректердің, әсіресе медициналық ақпараттың құпиялылығы мен қорғалу қағидаттары.

1. Дағдыларды тану мүмкіндігі:

2. ұсынылады

Дағды 3: Зардап шеккендермен, куәгерлермен, жұмыс ұжымдарының өкілдерімен және ұйым басшылығымен коммуникация

Машықтар:

1. Медициналық білімі жоқ жұмыскерлердің әртүрлі санаттары (медициналық персонал, басшылық және жұмыскерлер) үшін талдау нәтижелерін қолжетімді түрде түсіндіру.

2. Кіріспе, деректерді талдау, қорытындылар мен ұсыныстарды қоса алғанда, презентацияның айқындылығы мен дәйектілігін қамтамасыз ете отырып, ақпаратты логикалық және құрылымдалған түрде баяндау.

3. Зардап шеккендердің эмоционалды жағдайына, әсіресе стресс, қорқыныш немесе ауырсыну жағдайларына жанашырлық пен түсіністік таныту.

4. Маманға - белсенді тыңдау, зардап шеккендер мен куәгерлерге оқиғаның егжей-тегжейін түсіну үшін олардың пікірі маңызды екенін сезінуге мүмкіндік беру.

5. Күрделі ұғымдар мен терминологияны аудиторияға бейімделген қарапайым тілмен түсіндіру (зардап шеккен жұмыскерлер немесе компания басшылығы).

6. Толық ақпарат жинау және оқиғаның егжей-тегжейін нақтылау үшін ашық сұрақтар қою, әңгімелесушілерде жағымсыз реакциялар туғызбай, жетекші немесе айыптаушы сұрақтардан аулақ болу.

7. Егер оқиғаға қатысушылар арасында қайшылықтар болса (жәбірленуші мен басшылық арасында) жанжалдарды шешу және шиеленісті жағдайларды тегістеу әдістерін меңгеру.

8. ЕҚЖҚ жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге, жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттеріне қатысты заңнаманы түсіну.

9. Жәбірленушінің физикалық және психологиялық жағдайын оған артық қысым жасамай ескеру.

10. Кәсіптік психологтар немесе медициналық персоналдар келгенге дейін ыңғайлы атмосфераны құру және стресс деңгейін төмендету үшін қажет болған жағдайда зардап шеккендерге алғашқы психологиялық көмек көрсету дағдыларын меңгеру.

11. Басшылықпен келіссөздер жүргізу, әсіресе ыңғайсыз ақпаратты жеткізу қажет болса (еңбекті қорғау нормаларын бұзу туралы).

12. Жұмыскерлердің құқықтарын, тергеп-тексеру жүргізу шарттарын, өтемақы мәселелерін және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды түсіндіру үшін кәсіподақ өкілдерімен немесе жұмыскерлердің басқа да уәкілетті тұлғаларымен өзара іс-қимыл жасау.

13. Зардап шеккендер, куәгерлер немесе басқа қатысушылар айтқан барлық маңызды сәттерді жазып алу, барлық кездесулер мен сұхбаттардың нәтижелерін құжаттау.

14. Оқиғаның ықтимал себептерін, мән-жайларын және тәуекелдерді жою жөніндегі ұсыныстарды көрсетуді қоса алғанда, зардап шеккендермен және куәгерлермен қарым-қатынас нәтижелері бойынша егжей-тегжейлі есептер дайындау.

15. Зардап шеккендердің денсаулығына және тергеп-тексеру нәтижелеріне қатысты ақпараттың құпиялылығын сақтау.

16. Зардап шеккендер мен куәгерлердің мінез-құлқына немесе оқиғаны қабылдауына әсер ететін мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеру.

17. Өңгімелесушілердің білім деңгейіне, мәдени ерекшеліктеріне немесе психологиялық жағдайына байланысты қарым-қатынас стилін бейімдеу.

Білімдер:

1. Тергеп-тексеру барысында зардап шеккендерге және басқа тараптарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру үшін еңбек заңнамасы.

2. Жанжалдар мен стресстік жағдайлардың психологиясының негіздерін білу.

3. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен инциденттерді тергеп-тексеру рәсімдері.

4. Қақтығыстарды шешу және шиеленісті жағдайларды тегістеу әдістері.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 1: Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелері бойынша нұсқаулықтарды, жадынамаларды, бюллетеньдерді, буклеттерді, мақалалар мен презентацияларды қоса алғанда ақпараттық материалдарды әзірлеу.

Машықтар:

1. Басқарудың әртүрлі деңгейлері мен жұмыскерлер үшін есепті толық түсіну үшін мәліметтерді нақты түсіндіре отырып, ақпаратты жазбаша түрде жазу.

2. Еңбек жағдайына байланысты денсаулыққа тәуекелдерді және оларды бағалау әдістерін түсіну.

3. Нақты, құрылымдалған, түсінікті нұсқаулар, жадынамалар және басқа материалдарды әзірлеу.

4. Күрделі ақпаратты әртүрлі мақсатты аудиторияларға бейімдеу (жұмыскерлер, менеджерлер, ЕҚЖҚ бойынша мамандар).

5. Тартымды және ақпараттық буклеттер, презентациялар мен бюллетеньдер әзірлеу және жасау.

6. Аудиторияны іс-әрекетке тарту және ынталандыру үшін публицистикалық мақалалар жазу.

7. Материалдарға қосу үшін ғылыми және нормативтік ақпаратты іздеу және талдау.

8. Белгілі бір өндірістің немесе саланың ерекшелігін ескеретін материалдарды әзірлеу.

9. Буклеттерді, презентацияларды және бюллетеньдерді безендіру үшін визуалды мазмұн жасау үшін арнайы бағдарламаларды қолдану.

10. Техникалық ақпаратты жинау және нақтылау үшін сарапшылармен өзара әрекеттесу.

11. Командада жұмыс істеу, дизайнерлермен, редакторлармен және ЕҚЖҚ бойынша мамандарымен өзара іс-қимыл жасау.

Білімдер:

1. ЕҚЖҚ саласындағы заңнама, ХЕҰ-ның ратификацияланған конвенциялары, санитарлық нормалар мен ережелер, МЕМСТ-тар, халықаралық және ұлттық стандарттар және басқа да регламенттеуші құжаттар.

2. Кәсіптік аурулар мен жарақаттардың алдын алу және бақылау әдістері.

3. Эргономика, токсикология, еңбек гигиенасы, еңбек психофизиологиясының негіздері.
4. Ақпаратты визуализациялау әдістері.
5. Материалдарды жасау үшін ересектерді оқыту қағидаттары
6. Өндірістік орта факторлары: жұмыскерлердің денсаулығына әсер ететін физикалық (шу, діріл, радиация), химиялық (зиянды заттар), биологиялық және психофизиологиялық факторлар.
7. Белгілі бір кәсіптерге немесе салаларға (құрылыс, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы) тән қауіптер және тағы бақалар.
8. Еңбек жағдайларын мониторингілеудің заманауи технологиялары (датчиктер, жазатайым оқиғаларды есепке алуға арналған бағдарламалар).
9. Қашықтықтан оқыту және электрондық нұсқаулықтарды, презентациялар мен бейне сабақтарды әзірлеу әдістері.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 2: Жұмыскерлердің денсаулыққа тәекелдер мен зиянды және қауіпті факторлардан қорғаудың профилактикалық шаралары туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған ақпараттық іс-шаралар өткізу.

Машықтар:

1. Аудитория алдында нақты және сенімді ақпарат беру, жұмыскерлердің қызығушылығын сақтау.
2. Тренингтер әзірлеу және өткізу.
3. Ақпаратты құрылымдау, интерактивті жаттығулар мен іс-әрекеттерді практикалық дағдыларды дамыту үшін дайындау.
4. Оқу процесін қолдау үшін презентациялар, бейнелер және басқа көрнекі материалдарды жасау және пайдалану.
5. Жұмыскерлердің дайындық деңгейі мен біліктілігін ескере отырып, қарапайым және қолжетімді тілде күрделі ақпаратты жеткізу.
6. Аудиторияның сұрақтарына жауап беру, жанжалды жағдайларды шешу, жұмыскерлерді қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру.
7. Бұқаралық іс-шаралар (брифингтер, семинарлар), жеке консультациялар, ақпараттық материалдарды (буклеттер, нұсқаулықтар) таратуды қоса алғанда, тиімді коммуникация әдістерін қолдану.
8. Мақсаттарды, аудиторияны, әдістерді және тарату құралдарын анықтауды қоса алғанда, семинарлар, тренингтер немесе ақпараттық науқандар өткізу жоспарларын әзірлеу.
9. Сыртқы мамандарды, ЕҚЖҚ бойынша сарапшыларды немесе медицина жұмыскерлерін тарта отырып іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.
10. Вебинарлар, онлайн-тренингтер және консультациялар өткізу үшін онлайн-платформаларды пайдалану.
11. Қауіп төнген жағдайда жұмыс жағдайларын имитациялау және дұрыс әрекеттерді үйрету үшін заманауи технологияларды пайдалану (виртуалды немесе толықтырылған шындық).
12. Оқу бағдарламасын одан әрі жақсарту үшін қатысушылардың пікірлерін жинау және талдау.
13. Стрессті азайтуға және жұмыскерлердің психоэмоционалды жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.
14. Жұмыскерлердің қажеттіліктері мен пікірлерін қабылдау, кері байланысқа байланысты материалдар мен тәсілдерді бейімдеу.

Білімдер:

1. Жұмыскерлерді белсенді оқытуға ынталандыру және тарту әдістері.
2. Нақты жұмыс процестері мен еңбек жағдайларына байланысты физикалық, химиялық, биологиялық және психоәлеуметтік қауіп факторлары.

Еңбек функциясы 5: Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелері бойынша насихаттау және ақпараттандыру

3. Жұмыскерлердің білімді меңгеруін бағалау әдістері, соның ішінде тестілеу, сауалнамалар, практикалық тапсырмалар және жұмыс орнындағы мінез-құлық өзгерістерін бағалау.
4. ЕҚЖҚ және тәуекелдердің алдын алу саласындағы ұлттық және халықаралық заңнамалық нормалар (ISO 45001).
5. Профилактика және қорғау әдістері (ЖҚҚ қолдану, ұйымдастыру және техникалық шаралар және т.б.).

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Дағды 3: Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы қағидалары туралы ақпаратты баяндау (жеткізу), нысаналы аудиторияға (жұмысшылар, басшылар, мердігерлер) байланысты ақпарат беруді бейімдеу.

Машықтар:

1. Жұмыскерлерге ықтимал тәуекелдер және оларды азайту жолдары туралы оқыту бағдарламаларын әзірлеу және жүргізу.
2. Белгілі бір өндірістің немесе саланың ерекшелігін ескеретін материалдарды әзірлеу.
3. ЕҚЖҚ өзекті нормалары мен ережелерін, гигиеналық нормативтер мен стандарттарды (МЕМСТ, ISO 45001, санитариялық нормалар) меңгеру.
4. Санитариялық-гигиеналық жағдайларға, микроклиматқа, жарықтандыруға және басқа да нормаланған параметрлерге қойылатын талаптарды қоса алғанда, жұмыс орындарындағы гигиенаның негізгі қағидаттарын түсіну.
5. Материалдарды ыңғайлы түрде ұсыну, оларды негізгі тақырыптарға бөлу: "Тәуекелдерді сәйкестендіру", "Қорғау құралдары", "Төтенше жағдайлар туындаған кездегі шаралар" және басқалар.
6. Техникалық ақпаратты білім мен дайындықтың әртүрлі деңгейлері бар жұмыскерлердің оңай қабылдауына бейімдеу.
7. Қолдануға түсінікті және ыңғайлы материалдар жасау (ЖҚҚ пайдалану, жабдықпен жұмыс істеу немесе төтенше жағдайларда мінез-құлық туралы нұсқаулар).
8. Материалды жақсы игеру үшін көрнекі схемалар, кестелер, диаграммалар мен суреттер арқылы ақпаратты ұсыну.
9. Белгілі бір аудитория үшін максималды түсіну үшін материалдарды әзірлеу кезінде жұмыскерлердің кәсібі мен біліктілік деңгейінің ерекшеліктерін ескеру.
10. Түсіну деңгейін бағалау үшін жұмыскерлерден сұрақтар қою және кері байланыс алу және қажет болған жағдайда ақпарат беруді түзету.
11. Ақпаратты тиімді беру үшін сандық материалдарды (бейнелер, слайдтар, интерактивті презентациялар) жасау.
12. Графикалық редакторларға, презентация бағдарламаларына және презентациялар мен көрнекі құралдарды жасауға арналған басқа құралдарға ие болу.
13. Заңнамалық және корпоративтік талаптарға сәйкес нұсқаулықтар, жадынамалар мен бюллетеньдер жасау және ресімдеу.
14. Белгілі бір жұмыс процесінің немесе өндірістік жабдықтың ерекшеліктерін ескере отырып, ақпарат дайындау.

Білімдер:

1. Еңбек жағдайларына, жұмыс орындарын ұйымдастыруға, жабдықтар мен ЖҚҚ пайдалануға қатысты негізгі қауіпсіздік ережелері.
2. Ересектерді оқыту қағидаттары.
3. Дәлірек және тиімді материалдарды жасау үшін белгілі бір саладағы (құрылыста, металлургияда, химия өнеркәсібінде) қауіптердің ерекшелігі.
4. Ақпаратты қабылдау және есте сақтау психологиясы.
5. Графикалық редакторлар мен презентация бағдарламалары және презентациялар мен көрнекі құралдарды жасауға арналған басқа құралдар

	Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Байланысқа бейімділік, жасампаздық, бейімделу, командада жұмыс істей білу және мерзімдерді, тәртіптілікті сақтау, физикалық төзімділік, психологиялық денсаулық, шешімділік; жауапкершілік
14. Кәсіп карточкасы: Еңбек жағдайлары және кәсіптік тәуекелдер жөніндегі маман	
Топ коды	2149-3
Сабақтар кодының атауы:	-
Кәсіптің атауы:	Еңбек жағдайлары және кәсіптік тәуекелдерді бағалау жөніндегі маман
Кәсіптердің басқатымал атаулары:	7.0. Еңбек жағдайлары және кәсіптік тәуекелдерді бағалау жөніндегі сарапшы 6.1. Кәсіптік тәуекелдерді бағалау жөніндегі маман 6.0. Еңбек жағдайлары жөніндегі маман
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	6-7
С Б Ш бойынша біліктілік кіші деңгейі:	6
БТБА, КС және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалар бойынша біліктілік деңгейі:	жұмыс өтіліне талаптар қоймай кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары немесе (жоғары оқудан кейінгі) білім -Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 401-тармағы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 22003 тіркелген)
Кәсіптік білім беру деңгейі:	жұмыс өтіліне талаптар қоймай кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары білім немесе кәсіптік білім, арнайы даярлық.
Жұмыс тәжірибесіне талаптар	өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау саласында кемінде үш жыл тәжірибелік жұмыс тәжірибесінің болуы және / немесе еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.
Бейресми және информалды білім берумен байланыс:	3 жылда 1 рет кезеңділікпен кәсіптік қызметтің жалпы және арнайы мәселелеріне сәйкес келетін біліктілікті арттыру; 3 жылда 1 рет кезеңділікпен кәсіптік тәуекелдерді бағалауды жүргізу әдістемелері бойынша мамандандырылған курстар; ұлттық, оның ішінде skill.enbek.kz платформасында сертификаттар және/немесе ЕҚЖҚ тар бағыттары бойынша біліктілікті арттырудың халықаралық бағдарламалары бойынша сертификаттардың болуы
Жұмысқа рұқсат етудің ерекше шарттары	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды үш жылда бір реттен сиретпей оқыту және білімдерін тексеру
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару арқылы жұмыскерлердің денсаулығын қорғау және жұмыс орындарында қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндетті еңбек функциялары:

1. Кәсіптік тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру.
2. Өндірістік орта мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіру және кәсіптік тәуекелдерді бағалау, кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелерін құжаттау
3. Кәсіптік тәуекелдерді басқару.

Дағды 1: Еңбек жағдайлары және КТБағ бойынша кеңес беру және жұмысты жоспарлау.

Машықтар:

1. Кәсіптік тәуекелдер мен еңбек жағдайларын басқару саласындағы ұлттық заңнаманы және халықаралық нормативтік талаптарды түсіну.
2. Кәсіптік тәуекелдерді бағалау және еңбек жағдайларын бағалау кезінде қолданылатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің ережелерін қолдану.
3. КТБағ өткізудің негізгі кезеңдерін түсіндіру мақсатында консультациялар өткізу, ұйымда КТБағ өткізу әдістемесі бойынша түсініктемелер беру.
4. КТБағ жүргізу және еңбек жағдайларын бағалау кезінде рәсімдердің барысын жоспарлау.
5. Өндірістік орта мен еңбек процесінің сәйкестендірілген ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларына зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер жүргізу туралы шешім қабылдау.
6. Кәсіптік тәуекелдерге талдау және бағалау жүргізу, оларды қолайлы деңгейге дейін азайту (төмендету) жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу.
7. Еңбек жағдайларына кешенді талдау жүргізу, жұмыс орындарында қауіпті және зиянды факторларды анықтау.
8. Ұйымдағы еңбек жағдайларын жақсарту бойынша бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу және енгізу.
9. Жұмыс ортасының параметрлерін өлшеуді және бағалауды қоса алғанда, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын бағалауды жүргізу.
10. Жұмыс орындарындағы кәсіптік тәуекелдерді және еңбек жағдайларын бағалау бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу.
11. Еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдер бойынша деректерді талдау, есептер дайындау және нәтижелерді басшылыққа ұсыну.
12. Еңбек жағдайларын жақсарту және кәсіптік тәуекелдерді басқару жөніндегі профилактикалық іс-шараларды іске асыру жөніндегі жоспарларды талқылау кезінде үйлестіруші ретінде әрекет ету.
13. Әріптестерді оқыту және тәлімгерлік ету, еңбек жағдайларын жақсарту және кәсіптік тәуекелдерді басқару саласындағы білімдері мен тәжірибелерін беру.
14. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды және кәсіптік тәуекелдерді басқару үшін бейінді АТ-бағдарламаларды (ұйымда болған жағдайда) меңгеру.

Білімдер:

1. Еңбек жағдайлары бойынша ӨОА және КТБағ өткізу кезінде пайдаланылатын, КТБағ өткізу шеңберінде іске асырылатын рәсімдерге қойылатын міндетті талаптарды қамтитын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары;
2. Сәйкестендіру және бағалау саласындағы халықаралық әдістер.
3. КТБағ жүргізу кезінде қолданылатын құжаттаманың негізгі түрлері.
4. Түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да ЖКҚ беру нормалары.
5. IT бағдарламалары және т. б. және еңбек жағдайларын жақсарту.
6. ЗжҚӨФ жіктеуіші.
- 7.КТБағ және еңбек жағдайлары бойынша хаттамалар мен есептерді жасау кезінде есептеу әдістері.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады

Еңбек функциясы 1: Кәсіптік тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты жоспарлау

және  
ұйымдастыру

Дағды 2: КТБағ. ұйымдастыру және өткізу.

1. КТБағ жөніндегі комиссияның құрамын қалыптастыру және бекіту.
2. КТБағ жүргізілетін кәсіптердің немесе кәсіптік топтардың тізімін айқындау.
3. КТБағ орындау үшін ресурстарды анықтау.
4. ҚР қолданыстағы НҚА негізінде өлшеу және бағалау жүргізу әдістерін анықтау.
5. Сәйкестендіру және КТБағ жүргізу үшін сараптама тобының сандық және сапалық құрамын анықтау және тағайындау, сараптама тобының мүшелері арасында өкілеттіктер мен міндеттерді бөлу.
6. Бөлімше жұмыскерлерін жұмыс үшін қажетті жабдықтармен, материалдармен, реактивтермен қамтамасыз ету.
7. ЕҚЖҚ бойынша құжаттаманың заңнамалық талаптарға сәйкестігіне аудит жүргізу.
8. КТБағ үшін ақпарат жинау және оны құжаттамалық талдау.
9. Жұмыс орындарында КТБағ жүргізілетін Тапсырыс берушіде ЕҚЖҚ талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға байланысты құжаттаманы толық көлемде сұрау салу және алу.
10. Жұмыскерлерге аспаптық өлшеулер мен сауалнама жүргізу, жұмыскерлерді бағалау жоспарын құру.
11. КТБағ жүргізуге шарттар жасау және жасасу.
12. КТБағ бойынша жұмыс құнын есептеу
13. КТБағ өткізу мерзімдері мен тәртібін келісу мақсатында уәкілетті тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау.

Білімдер:

1. ЕҚЖҚ саласындағы заңнамалық талаптар.
2. Еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдерді бағалау кезінде сәйкестендіруге және зерттеуге жататын өндірістік орта мен еңбек процесінің факторлары.
3. Еңбек жағдайларын зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша жіктеу өлшемшарттары (жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын өндірістік орта мен еңбек процесінің сәйкестендірілген ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын зерттеу (сынау) және өлшеу нәтижелері бойынша зияндылық немесе қауіптілік дәрежесі бойынша еңбек жағдайларының сыныптарына (кіші сыныптарына) жатқызу).
4. Өндірістік орта мен еңбек процесінің сәйкестендірілген ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын зерттеу (сынау) және өлшеу әдістемелері (әдістері), сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ету бойынша ҚР өлшеу құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген оларға сәйкес өлшем құралдары.
5. Өндірістік орта мен еңбек процесінің ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіруді жүргізу әдістері.
6. Гигиеналық нормативтер, санитарлық қағидалар мен нормалар.
7. Өлшеуді орындау әдістемелері.

Дағдыларды тану мүмкіндігі:

ұсынылады

Дағды 1: Өндірістік орта мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіруді жүргізу.

Машықтар:

1. Өндірістік орта мен еңбек процесінің барлық сипаттамаларын зерттеу: жұмыс орны, өндірістік жабдықтар мен машиналар, материалдар, технология және жұмыс әдістері.
2. КТ тізілімін толтыра отырып, өндірістік процестер (технологиялық, бизнес-процестер) және қызмет түрлері бөлінісінде әрбір кәсіп (жұмыс орны) бойынша еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде әсер етуі жұмыскердің еңбекке қабілеттілігінен айырылуына (не қайтыс болуына) әкеп соғатын өндірістік факторлардың тізбесін айқындау.
3. Жұмыс орындарында КТБағ жүргізілетін Тапсырыс берушіде ЕҚЖҚ талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға байланысты құжаттаманы талдау.

4. Өндірістік бақылаудың қолда бар нәтижелерін талдау және КТБағ жүргізу кезінде оларды пайдалану мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау.
5. Өндірістік орта мен еңбек процесінің ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіру нәтижелерін ресімдеу.
6. Өндірістік орта мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті факторларын өлшеу және бағалау әдістемелеріне сәйкес өлшеу құралдарын дұрыс пайдалану және өлшеулер жүргізу;
7. Өндірістік ортаның және еңбек процесінің сәйкестендірілген ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын зерттеу (сынау) және өлшеу нәтижелері бойынша жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зияндылық немесе қауіптілік дәрежесі бойынша еңбек жағдайларының сыныптарына (кіші сыныптарына) дұрыс жатқызу.
8. Технологиялық және операциялық карталарды оқу.
9. Зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу кезінде зертханалық өлшеулерді және жұмыстың өзге де түрлерін орындау.
10. Зертханалық жабдықты (аспаптарды) пайдалану.
11. Ұйым қызметімен байланысты ЕҚЖҚ тәуекелдерінің әртүрлі түрлерін анықтау және жіктеу.
12. Жұмыс орындарындағы зиянды және қауіпті факторлардың жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына әсерін анықтау және бағалау.
13. Статистикалық деректерді есептеу әдістемесін қолдану және оларды республикалық және салалық көрсеткіштермен байланыстыру.
14. ЕҚЖҚ БЖ тиімділігінің мониторингі мен бағалауына қатысу.

Білімдер:

1. Кәсіптік тәуекелдерді бағалауды жүргізу мәселелерін регламенттейтін, оның ішінде оны жүргізу шеңберінде іске асырылатын рәсімдерге қойылатын міндетті талаптарды қамтитын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер.
2. Өндірістік орта мен еңбек процесінің ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіру рәсімі.
3. Жұмыс орындарында зиянды және қауіпті факторларды анықтау әдістері.
4. Жекелеген жұмыс орындарында КТБағ жүргізу ерекшеліктері.
5. Еңбек жағдайларын гигиеналық өлшемшарттар бойынша жіктеу. Оңтайлы және рұқсат етілген еңбек жағдайлары. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары. Қауіпсіз еңбек жағдайлары.
6. Үштаған: іс жүзінде қауіпсіз, қауіпті және қолайсыз қауіпті еңбек жағдайлары.
7. Зерттеудің негізгі математикалық және статистикалық түрлерін білу.
8. Статистикалық деректер коэффициенттерін есептеу әдістері.
9. Өлшеу қателіктерін есептеу әдістемесі
10. Мониторинг құралдары

Дағдыларды тану мүмкіндігі:

ұсынылады

Дағды 2: Жұмыс орнында кәсіптік тәуекелдерді бағалау бойынша жұмыстарды үйлестіру, жүргізу.

Машықтар:

1. ЕҚЖҚ мемлекеттік нормативтік талаптарға және жұмыс орындарына сәйкестігі декларациялауға жататын жұмыс орындарын айқындау мақсатында өндірістік орта мен еңбек процесінің ықтимал зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіру нәтижелерін талдау.
2. Жұмыс орнындағы оқиғалар, жарақаттар, аурулар туралы статистикалық деректерді талдау.
3. Бекітілген жұмыс бағдарламасына сәйкес тәуекелдерді бағалау процесінде материалдарды жинауға және өңдеуге қатысу.

Еңбек функциясы 2: Өндірістік орта мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті факторларын сәйкестендіру және кәсіптік тәуекелдерді бағалау, кәсіптік тәуекелдерді

бағалау  
нәтижелерін  
құжаттау

4. Жұмыс орнына техникалық тексеру және визуалды тексеру жүргізу, жұмыс барысын бақылау және қызметтің жұмыс қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау.
5. ЖҚК-мен жұмыскерлерін қамтамасыз етуді тексеру және ЖҚК заңнамалық талаптарға сәйкестігін бағалау.
6. Жүргізілген зерттеулер мен өлшеулерге байланысты әртүрлі есептеу және графикалық жұмыстарды орындау.
7. Хаттамаларға енгізу үшін зертханалық өлшеу нәтижелерінің жазбаларын жүргізу.
8. КТБағ көрсеткіштері бойынша есептеулер жүргізу.
9. КТБағ бойынша хаттамалар мен есептерді қалыптастыру.
10. Ұйым қызметімен байланысты ЕҚЖҚ тәуекелдерінің әртүрлі түрлерін анықтау және жіктеу.

Білімдер:

1. Өндірістік факторларды бағалаудың сапалық, сандық, дедуктивті, индуктивті әдістері.
2. Негізгі білім (математика, физика, биология) және қолданбалы ғылымдар (статистика, тіршілік қауіпсіздігі, инженерлік, еңбек медицинасы)
3. Адам ағзасына химиялық, физикалық, биологиялық, психофизиологиялық факторлардың көздері, сипаттамасы, әсері. Сәйкестендіру ерекшеліктері, зерттеу (өлшеу) және еңбек жағдайларын жіктеу.
4. Саланың ерекшелігі: белгілі бір саланың ерекшеліктерін және онымен байланысты тәуекелдерді түсіну.
5. КТБағ-ға әртүрлі әдістер мен тәсілдер, мысалы, ықтималдықтарды талдау, әсерді талдау және басқалар.
6. КТБағ жүргізуге арналған мамандандырылған ІТбағдарламалар мен құралдар.

Дағдыларды тану мүмкіндігі:

ұсынылады

Дағды 3: Кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелерін құжаттау.

Машықтар:

1. ЕҚЖҚ, санитариялық-гигиеналық нормалар және тағы басқалар саласындағы негізгі НҚА-да бағдарлану.
2. Нәтижелерді түсіндіру, тәуекелдерді бағалау нәтижелерін талдау және оларды басқару және азайту бойынша ұсынымдарды тұжырымдау.
3. Белгілі бір саладағы тәуекелдерді бағалау және басқару процестерін реттейтін нормативтік талаптарға сәйкестікті, заңнама мен стандарттарды білуді қамтамасыз ету.
4. Жүргізілген өлшеулер нәтижелерінің заңнамалық талаптары мен әдістемелік құжаттарына сәйкес хаттамаларды өңдеу, жүйелеу және ресімдеу, зияндылық сыныптары мен тәуекел дәрежесін белгілеу.
5. Орындалған жұмыстар бойынша техникалық құжаттама жасау және ресімдеу.
6. Кәсіптік тәуекелдерді бағалау хаттамаларын толтыру.
7. КТБағ нәтижелерін талдау.
8. Осы әсерден қорғау және осы тәуекелдің әсерін азайту бойынша шешімдерді әзірлеу үшін жұмыс істейтін адамның ағзасына анықталған қауіптердің әсерін талдау.
9. Тәуекел деңгейін саралай отырып, КТ тізілімін әзірлеу.

Білімдер:

1. КТБағ саласындағы НҚА және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен заңнамалық нормативтік актілерге сәйкес КТ басқару жүйесінің құжаттамасы.
2. Хаттама, тізілім үлгілері.
3. КТБағ әдістемесі.
4. КТБағ жүргізу қағидалары.
5. ЕҚЖҚ тәуекелдері бойынша халықаралық және ұлттық стандарттар.

Дағдыларды тану мүмкіндігі:

ұсынылады

1 Дағды: Жағымсыз оқиғалардың немесе олардың салдарының ықтималдығын азайтуға бағытталған профилактикалық шараларды әзірлеу және жоспарлау.

Машықтар:

1. Тәуекелдер деңгейін қолайлы деңгейге дейін төмендету, жою бойынша түзету шараларын әзірлеу үшін КТ тізілімдерін талдау.
2. Тәуекелдер сценарийлерін әзірлеу, анықталған КТ негізінде оқиғалардың дамуының әртүрлі сценарийлерін жасау және олардың ықтимал салдарын бағалау.
3. КТ деңгейлерін қолайлы деңгейге дейін төмендету бойынша іс-шаралар әзірлеу.
4. КТ деңгейлерін қолайлы деңгейге дейін жою және төмендету жөніндегі іс-шаралардың экономикалық құрамдас бөлігін есептеу.
5. Өндірісті жаңғырту және түзету шараларын әзірлеу үшін заманауи технологиялар, ЖҚК, ҰҚК және әзірлемелер туралы ақпаратты талдау, іздеу, жинау.
6. Бақылау шараларының иерархиясына сәйкес кәсіптік тәуекелдер деңгейін жою немесе төмендету бойынша түзету іс-шараларының жоспарын жасау.
7. ЕҚЖК саласындағы цифрлық жүйелерді пайдалану.
8. ЕҚЖК бойынша озық тәжірибені зерделеу және тарату.
9. Жобаларды басқару және құжаттармен бірлесіп жұмыс істеу үшін бұлттық платформаларды пайдалану.

Білімдер:

1. ЕҚЖК, еңбек медицинасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ҚР заңнамасы.
2. Халықаралық ұсынымдар, стандарттар және тағы бақалар.
3. Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-техникалық әзірлемелер.
4. Ақпараттық пен құпиялылыққа қойылатын талаптарды білу.
5. Кәсіптік тәуекелдерді бағалау әдістері.
6. Өндірісте қолданылатын негізгі өндірістік процестер (технологиялық процестерді қоса алғанда), өндірістік жабдықтар (машиналар, тетіктер), жұмыс орындарында қолданылатын құралдар мен құрылғылар, заттардың, шикізаттың, материалдар мен жартылай фабрикаттардың сипаттамалары (оның ішінде токсикологиялық, санитариялық-гигиеналық және медициналық-биологиялық бағалау нәтижелері бойынша белгіленген).
7. Жобаларды басқару және құжаттармен бірлесіп жұмыс істеу үшін бұлттық платформалар.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды

Дағды 2: КТ мониторинг жүргізу.

Машықтар:

1. Тәуекелдерді басқару бойынша қабылданған шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бақылауды, тұрақты қадағалауды және бағалауды жүзеге асыру.
2. Тәуекелдердің ықтималдығын және олардың бизнеске әсерін бағалау.
3. КТБағ нәтижелерін түсіндіріп, оларды азайту шараларын ұсыну.
4. Тәуекелдердің тенденциялары мен үлгілерін анықтау үшін статистикалық әдістер мен деректерді талдау құралдарын пайдалану.
5. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының жай-күйін үнемі талдау.
6. ЕҚЖК БЖ жұмысының тиімділігін талдау.
7. Еңбек жағдайлары және КТ туралы құжаттаманы жүргізу және сақтау үшін электрондық құжат айналымы жүйелерімен жұмыс.
8. КТ деректерін талдау және жұмыс орындарының географиялық аспектілерін визуализациялау үшін МАЖ-мен жұмыс жасау.

Білімдер:

Еңбек функциясы 3: Ұйымдағы кәсіптік тәуекелдерді басқару

	<p>1. Тәуекелдердің тенденциялары мен үлгілерін анықтауға арналған статистикалық әдістер мен деректерді талдау құралдары.</p> <p>2. Ұйымдағы КТ және ЕҚЖҚ БЖ жұмыс тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.</p> <p>3. Міндетті есепті және статистикалық ақпаратты жинаудың цифрлық платформалары.</p> <p>4. Мәтіндік құжаттарды, электрондық кестелерді құруға арналған қолданбалы компьютерлік бағдарламалар, олармен жұмыс істеу тәртібі.</p> <p>5. Нақты уақыттағы еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдерді бақылау және басқару үшін АТ қолдану туралы негізгі білім.</p>
	<p>Дағдыларды тану мүмкіндігі:</p> <p>ұсынылады</p>
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Қауіпсіздік жеке бейілділігі, аналитикалық қабілеттер, тұжырымдамалық ойлау, бастамашылдық, коммуникабельділік, командада жұмыс істей білу, стресске төзімділік, кәсіптік этиканы сақтау, оқу және өзін-өзі дамыту, кәсіптік дамуға ұмтылу
15. Кәсіп карточкасы: Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту жөніндегі маман (дәріскер)	
Топ коды:	2375-0
Сабақтар кодының атауы:	-
Кәсіптің атауы:	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту жөніндегі маман (дәріскер)
Кәсіптердің басқарықтимал атаулары:	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаушы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жаттықтырушы
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	6
С Б Ш бойынша біліктілік кіші деңгейі:	6
БТБА, КС және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалар бойынша біліктілік деңгейі:	
Кәсіптік білім беру деңгейі:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім /құқық / техникалық-бакалавриат немесе специалитет; жоғары білім (бейінді емес) – бакалавриат және қосымша кәсіптік - қызмет бейіні бойынша кәсіптік қайта даярлау бағдарламалары
Жұмыс тәжірибесіне талаптар	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында немесе қауіпті өндірістік объектіде немесе жоғары немесе қосымша (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болған кезде өндірістегі оқу орталығында кемінде 3 жыл.
Басқарықтимал	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер-нұсқаушы ЕҚЖҚ бойынша оқыту жөніндегі маман

кәсіптер атауы	Жаттықтырушы-нұсқаушы Қауіпсіз жұмыс әдістері бойынша нұсқаушы
Бейресми және информалды білім берумен байланыс:	Қосымша кәсіптік білім беру ұсынылады - қызмет бейіні бойынша біліктілікті арттыру бағдарламалары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, кәсіптік тәуекелдерді басқару және осы саладағы басқа да тақырыптарға, соның ішінде skill.enbek.kz платформада және/немесе еңбекті қорғау саласындағы халықаралық сертификаттар.
Жұмысқа рұқсат етудің ерекше шарттары	Еңбекті қорғау бойынша оқыту және еңбекті қорғау талаптарын білуін тексеруден өту үш жылда кемінде бір рет. * Жаттықтырушы ретінде оқуды растайтын сертификат (куәлік)
Қызметтің негізгі мақсаты:	Еңбек қызметі барысында өндірістік жарақаттануды азайту мақсатында жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде оқыту, біліктілігін арттыру және құзыреттілігінің оңтайлы деңгейінде ұстау.
Еңбек функцияларының сипаттамасы	
Негізгі жалпыланған еңбек функциялары:	1. Жұмыскерлерді оқыту, біліктілігін арттыру және олардың білімін бағалау. 2. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету.
	Дағды 1: Оқытуды өткізуді жоспарлау, дайындық.
	Машықтар:
	1. Нақты мәселелер мен қажеттіліктер үшін оқытудың мақсаты мен міндеттерін түсіну және тұжырымдау. 2. Тыңдаушылардың әртүрлі деңгейлеріне бейімделген оқу бағдарламалары мен ЕҚЖҚ курстарын әзірлеу және құрылымдау. 3. Тыңдаушылардың білім деңгейі мен қажеттіліктеріне байланысты оқу материалдары мен тәсілдерін бейімдеу. 4. Оқу курстарын құру және басқару үшін онлайн оқыту платформаларымен жұмыс істеу. 5. Басшылар мен мамандар үшін ЕҚЖҚ мәселелері бойынша жалпы және арнайы құзыреттерді дамыту және ЕҚЖҚ БЖ жұмыс істеуі бойынша оқыту бағдарламаларын құру. 6. ЕҚЖҚ саласындағы білім мен дағдыларды жақсы меңгеру үшін оқу процесіне практикалық сабақтарды, тренингтерді, шеберлік сыныптарын және модельдеулерді енгізуді жоспарлау. 7. Оқу іс-шараларының кестесін жасау, сабақтардың ұзақтығы мен жиілігін анықтау, уақыт шектеулері мен ұйымның ерекшеліктерін ескеру. 8. Білім алушылардың санаттарын, олардың дайындық деңгейін және оқу тақырыбын ескере отырып, оқу жоспарларын жасау. 9. Курстың мақсаттарына сәйкес оқу сабақтарының нысандарын, әдістері мен құралдарын таңдау, курс тыңдаушыларының өзіндік жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру. 10. Презентацияларды, оқу құралдарын, әдістемелік ұсыныстарды және білімді бағалауға арналған тестілерді қоса алғанда, оқу материалдарын әзірлеу және дайындау. 11. Оқу материалдары мен практикалық сабақтарды көрсету үшін қолданылатын жабдықтар мен технологиялармен жұмыс істеу (тренажерлер, жеке қорғаныс құралдары). 12. Тестілеуді, емтихандарды және тыңдаушылардың білімі мен дағдыларын бағалаудың басқа түрлерін әзірлеу және жүргізу, нәтижелерді талдау және кері байланыс беру. 13. Оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу және оқу процесінде интерактивті технологияларды қолдану. 14. Ересектерді оқыту әдістерін қолдану (андрагогика), оқу материалын әртүрлі аудиторияларға бейімдеу.

Еңбек функциясы 1. Жұмыскерлерді оқыту, біліктілігін арттыру және олардың білімін бағалау	Білімдер:	
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЕҚЖҚ саласындағы еңбек заңнамасын, НҚА және стандарттарды білу.</li> <li>2. Жұмыскерлерді ынталандыру және олардың оқуға қатысу деңгейін арттыру әдістері мен құралдары.</li> <li>3. ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқыту бағдарламасын меңгеру нәтижелерінің білімін тексеруге арналған әдістемелер.</li> <li>4. Білім беру, ақпараттық ресурстар, оларды ЕҚЖҚ саласында пайдалану тәртібі мен ережелері.</li> <li>5. Қашықтықтан білім беру технологияларын, электрондық оқытуды қоса алғанда, оқытудың заманауи білім беру технологиялары.</li> <li>6. Қысқа мерзімді оқыту бағдарламаларын әзірлеуге, олардың мазмұнына, құрылымына қойылатын негізгі талаптар.</li> <li>7. Ересектерді оқыту әдістері (андрагогика), оқу материалын әртүрлі аудиторияларға бейімдеу.</li> <li>8. АТ-бағдарламалары мен шешімдері оқытуды және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету.</li> </ol>	
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	Дағды 2: Оқыту, біліктілікті арттыру нәтижелерін өткізу және бағалау.	
	Машықтар:	
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Белгілі бір салаларда пәндік білімге ие болу.</li> <li>2. Ақпарат беру және түсіндіру.</li> <li>3. Оқу процесін басқару, топтың белсенділігін арттыру.</li> <li>4. Білім алушыларға өздерінің кәсіптік немесе жеке қасиеттерін, дағдыларын бағалауға, олардың мақсаттары мен құндылықтарын білуге, кәсіптік және жеке дамуды жоспарлауға көмектесу.</li> <li>5. Оқу нәтижелерінің өмір шындығымен байланысын, алған тәжірибені практикалық қолдануды көрсету.</li> <li>6. Оқу процесін, оның ішінде тренингке арналған үй-жайларды, жабдықтарды, қосалқы материалдарды және тағы басқалар дайындау және қамтамасыз етуді ұйымдастыру.</li> <li>7. Оқытудың әртүрлі нысандарын, түрлері мен әдістерін қолдана отырып, ЕҚЖҚ және ЕҚБЖ-нің жұмыс істеуі мәселелері бойынша жалпы және арнайы құзыреттерді дамыту бағдарламаларына оқыту жүргізу.</li> <li>8. Практикалық қызметте ересектерді оқытудың педагогикалық тұжырымдамаларын, теориялары мен әдістерін білуді қолдану.</li> <li>9. Қатысушылардың мінез-құлқын және олардың өзара әрекеттесуін басқару.</li> <li>10. Жақсы тыңдаушы болу, сұрақтар қою, кері байланыс беру және студенттерді ынталандыру.</li> <li>11. Тапсырмаларды ұйымдастыру және талдау.</li> <li>12. Сабақтарды тиімді өткізу, білім алушылардың ілгерілеуін қадағалау және олардың жетістіктерін бағалау үшін уақыт пен ресурстарды бөлу.</li> <li>13. Оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижелерін бақылау және бағалау.</li> <li>14. Оқушылардың білімін бағалау, нәтижелерді талдау және оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін оқу процесін түзету.</li> <li>15. ЕҚЖҚ бойынша басқа оқытушылармен және мамандармен ынтымақтасу.</li> </ol>	
	Білімдер:	
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқыту қағидаттары мен стильдері.</li> <li>2. Ересектерді оқытудағы өзара әрекеттесу теориясы мен практикасы.</li> <li>3. Конгруэнттілік және конгруэнттілік емес.</li> <li>4. Дене тілін түсіндіру қағидалары.</li> </ol>	

	5. Тиімді тыңдау қағидалары.	
	6. "Проблемалық" оқушылармен жұмыс істеу әдістері.	
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Оқыту процесін әдістемелік камтамасыз ету	Дағды 1: Оқыту бағдарламаларын оқу-әдістемелік камтамасыз етуді дайындау және әзірлеу.	
	Машықтар:	
	1. Білім беру материалдарын жасау үшін бағдарламалық жасақтамамен және IT-шешімдерімен жұмыс жасау.	
	2. Білімді бағалау және тестілеу үшін цифрлық құралдарды қолдану.	
	3. Оқу курсының (модульдің) мазмұнын айқындау.	
	4. Курстың (модульдің) мақсаттарына сәйкес келетін оқыту әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдау.	
	5. Оқу процесінде қолданылатын мультимедиялық материалдарды (бейне, аудио, таныстырылымдар) жасау және пайдалану.	
	6. Игерілген материалдың нәтижелерін тексеру және бағалау үшін құралдарды (тесттер, ситуациялық тапсырмалар) әзірлеу.	
	7. Оқу бағдарламасы бойынша практикалық тапсырмаларды немесе ситуациялық тапсырмаларды әзірлеу.	
	8. Оқу материалдарын дайындау және сабақтарды өткізу үшін уақытты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру.	
9. Үнемі білім алу және өзін-өзі дамыту, кәсіптік этика мен оқытудың жоғары стандарттарын ұстану.		
10. Тыңдаушылардың пікірлері мен мәдени ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды құрметтеу, қосатын және қолдайтын білім беру ортасын құру.		
11. Қашықтан оқыту және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кеңес беру үшін вебинарлар мен онлайн-конференциялар өткізу.		
12. Білім мен оқуды ойын түрінде тексеру үшін интерактивті құралдар мен қосымшаларды қолдану.		
13. Оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау және одан әрі жақсарту үшін аналитикалық құралдармен оқу деректерін талдау.		
14. Электрондық кітапханаларды, дерекқорларды, журналдарды және басқа да онлайн ресурстарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өзекті ақпарат пен материалдарды іздеу үшін пайдалану.		
15. Оқу деректерін жинау, талдау және түсіндіру үшін мәліметтер базасымен және аналитикалық құралдармен жұмыс жасау.		
Білімдер:		
1. Заманауи оқу бағдарламаларын жобалау қағидалары мен қағидаттары.		
2. Практикалық және интерактивті компоненттерді жобалау.		
3. Тест әзірлеудің негізгі қағидаттары.		
4. Классикалық құралдарға, нейрофизиологияға және мінез-құлық ғылымына негізделген педагогикалық дизайнның заманауи әдістемесі.		
5. Инновациялық-педагогикалық қызметтің әдістемесі.		
6. Заманауи цифрлық платформалар, презентацияларды әзірлеуге арналған бағдарламалар.		
7. Еңбек қауіпсіздігі бойынша өзекті ақпарат пен материалдарды іздеуге арналған электрондық кітапханалар, мәліметтер базасы, журналдар және басқа да онлайн-ресурстар.		
8. Цифрлық сауаттылық негіздері, соның ішінде деректер қауіпсіздігі, құпиялылық және онлайн ортадағы жеке ақпаратты қорғау.		
9. Оқу деректерін жинауға, талдауға және түсіндіруге арналған мәліметтер базасы және аналитикалық құралдар.		
Дағдыларды тану мүмкіндігі:	ұсынылады	

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Қауіпсіздік жеке бейілділігі, креативті көзқарас, қарым-қатынас құра білу, көпшілік алдында сөйлеуге деген ұмтылыс, ораторлық қасиеттер, харизматикалық, эмпатия, өзіне адамдарды қарата алуды білу, әзіл-сқақты түсіне білу, жылдам реакция, тез тапқырлық, оқуға және оқытуға деген сүйіспеншілік, үнемі өзін-өзі дамытуға деген көзқарас пен тілек.		
16. Кәсіп карточкасы: Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник			
Топ коды:	3129-1		
Сабақтар кодының атауы:			
Кәсіптің атауы:	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник		
С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі:	4		
С Б Ш бойынша біліктілік кіші деңгейі:	4.2 еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник 4.1. II санатты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник 4.0 еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник		
БТБА, КС және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалар бойынша біліктілік деңгейі:	4.2. I санатты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта білімнен кейінгі білім және II санатты техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл	4.1. II санатты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл	4.0. санаты жоқ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник: тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды
Кәсіптік білім беру деңгейі:	Тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім		
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	4.2. I санаттағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник: II санаттағы техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл	4.1. II санатты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник: санаты жоқ техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл	4.0. санаты жоқ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник: жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды
Бейресми және информалды білім берумен байланыс:	кәсіптік қызметтің жалпы және арнайы мәселелеріне сәйкес келетін біліктілікті арттыру, ұлттық, оның ішінде skill.enbek.kz платформасында және/немесе халықаралық сертификаттар ЕҚЖҚ тар бағыттары бойынша біліктілікті арттырудың халықаралық бағдарламалары бойынша сертификаттардың болуы		
Жұмысқа рұқсат етудің ерекше шарттары	Жұмыс берушіде қауіпті өндірістік объектілер болған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында тиісті дайындық және аттестаттау, заңнамалық талаптарға сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту. Санаты жоқ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техник кәсіптік бақылаумен жұмыс істейді.		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жұмыс орындарында ЕҚЖҚ сыни тәуекелдерді бақылау үшін стратегия мен іс-қимыл жоспарын енгізу және орындау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			

Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымда және өндірісте ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық талаптардың сақталуына мониторингті жүзеге асыру.</li> <li>2. Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды өндірістік бақылауды ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.</li> </ol>
Еңбек функциясы 1: ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық талаптардың сақталуына мониторингті жүзеге асыру	Дағды 1: Заңнамалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді мониторингтеуді, талдауды және өзектендіруді жүргізуді техникалық сүйемелдеу.
	Машықтар:
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЕҚЖҚ саласындағы заңнамалық актілер мен нормативтік талаптарды білу және түсіну.</li> <li>2. ЕҚБЖ жұмыс істеуі шеңберінде процестер бойынша жекелеген ішкі құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ЕҚЖҚ, мемлекетаралық, ұлттық және халықаралық стандарттар бойынша заңнамалық талаптарды қолдану.</li> <li>3. ЕҚЖҚ саласындағы НҚА тізбесін қалыптастыру және жүргізу және ҚР заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізілуіне қарай оны өзектендіру.</li> <li>4. ЕҚБЖ жұмыс істеуі шеңберінде процестер бойынша бағдарламаларды, нұсқаулықтарды және өзге де техникалық құжаттамаларды, ішкі құжаттарды әзірлеу үшін материал жинауды орындау.</li> <li>5. Орындалатын жұмысты қарау және талқылау кезінде қабылданған шешімдерге сәйкес жоспарлы және есепті құжаттаманы ресімдеу, техникалық құжаттамаға қажетті өзгерістер мен түзетулер енгізу бойынша жұмыстарды орындау.</li> <li>6. ЕҚБЖ құрудың ең жақсы тәжірибелерін үйрену.</li> <li>7. ЕҚБЖ жұмысының тексерулерін (аудиттерін) техникалық сүйемелдеу, жұмыс беруші қызметінің салалық спецификасы мен ерекшеліктерін ескере отырып, анықталған кемшіліктерді белгілеу.</li> <li>8. Жұмыс туралы есеп беру үшін деректерді жүйелеу, өңдеу және дайындау.</li> <li>9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі цифрлық платформалар мен анықтамалық цифрлық жүйелерді пайдалану.</li> <li>10. Жұмыс берушінің өндірістік қызметінің ерекшелігін ескере отырып, объект өндірісінің технологиялық процестерінің негіздерін, машиналардың, құрылғылар мен жабдықтардың жұмыс принциптерін меңгеру.</li> <li>11. Техникалық тексерулер, инспекциялар және жұмыс жағдайларын бағалау, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.</li> <li>12. ЕҚЖҚ мәселелері бойынша мүдделі тараптармен байланысу.</li> <li>13. Ұйымдағы еңбек жағдайларын жақсарту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды енгізу жөніндегі жобаларға қатысу.</li> <li>14. ЕҚЖҚ БЖ ішкі аудиттерін жүргізуге қатысу.</li> <li>15. ЕҚЖҚ бойынша деректердің дұрыстығын талдау және бақылау үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануды үйрену.</li> </ol>
	Білімдер
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Еңбек заңнамасының және ЕҚЖҚ саласындағы, оның ішінде техникалық реттеу, өнеркәсіптік, өрт, көлік, радиациялық, конструкциялық, химиялық, биологиялық қауіпсіздік, ҚР халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы туралы заңнаманың талаптары.</li> <li>2. Еңбек қызметі саласындағы кең мәнмәтіндегі нақты және теориялық білім.</li> <li>3. ЕҚБЖ бойынша халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық стандарттардың ережелері мен ұсынымдары.</li> <li>4. Кәсіпорынның ұйымдық құрылымдары және функционалдық қызметтер мен құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілік салалары.</li> <li>5. Өндірісте зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау.</li> <li>6. ЕҚЖҚ туралы деректерді басқаруға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету.</li> </ol>	
Дағдыларды тану мүмкіндігі:	ұсынылады

Дағды 2: Жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша заңнамалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге талдау жүргізу үшін деректерді қалыптастыру.

Машықтар:

1. ҚР ЕҚЖҚ бойынша заңнамалық талаптардың сақталуына мониторинг нәтижелерін жүйелеу, өңдеу және дайындау.
2. Бірінші деңгейдегі желілік басшылармен, жұмыскерлермен, кәсіподақ өкілдерімен немесе жұмыскерлердің өкілдерімен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу.
3. ЕҚЖҚ қызметінің ұйымдастыру-технологиялық және атқарушылық құжаттамасының сақталуына және толықтығына мониторинг жүргізу және бақылауға қатысу.
4. Бастапқы материалдарды, статистикалық есептілік деректерін жинау, өңдеу және жинақтау бойынша жұмыстарды орындау.
5. Еңбек жағдайларының жай-күйіне, жұмыс орындарындағы өндірістік санитарияға мониторингті жүзеге асыруға, алдын алу және ден қою шараларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу.
6. Тексеру, аудит жүргізу кезінде комиссияларды сүйемелдеу.
7. Деректерді жинау, өңдеу және талдау үшін қажетті құралдар мен технологияларды меңгеру.

Білімдер:

1. ЕҚЖҚ саласындағы заңнамалық талаптар.
2. ЕҚЖҚ тәуекелдерінің үрдістері мен үлгілерін анықтау үшін статистикалық әдістер мен деректерді талдау құралдары.
3. Ұйымдағы ЕҚЖҚ және КТ басқару жүйесінің жұмыс тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.
4. Міндетті есепті және статистикалық ақпаратты жинаудың цифрлық платформалары.
5. Мәтіндік құжаттарды, электрондық кестелерді құруға арналған қолданбалы компьютерлік бағдарламалар, олармен жұмыс істеу тәртiбi.

Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды

Дағды 1: Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қызметтің ұйымдастыру-технологиялық және атқарушылық құжаттамасының жобаларын әзірлеу үшін материалдарды қалыптастыру және дайындау.

Машықтар:

1. Тексеру деректерін, бұзушылықтарды жинауды және есептер шығаруды орындау.
2. Бастапқы материалдарды, статистикалық есептілік деректерін жинау, өңдеу және жинақтау бойынша жұмыстарды орындау.
3. Тәлімгердің қадағалауымен мамандандырылған әдістемелер мен құралдарды пайдалана отырып, жұмыс орындарында КТБағ жүргізуге қатысу.
4. Жұмыс беруші қызметінің ерекшелігін ескере отырып, объект өндірісінің технологиялық процестерінің негіздерін, машиналардың, құрылғылар мен жабдықтардың жұмыс қағидаттарын меңгеру.
5. Объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің жұмыс істеуін бақылау әдістемесін меңгеру.
6. Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерінің сақталуын бақылау әдістемесін меңгеру.
7. Өндірістік тұтану көздерін жою бойынша жұмыстар жүргізу.
8. Ғимараттардың, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру.

Білімдер:

1. ЕҚЖҚ, әлеуметтік кепілдіктер бойынша, өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының табиғаты және олардың пайда болу көздері туралы базалық білім.
2. ЕҚБЖ үздік практикалары.

Еңбек функциясы 2: Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі

мен еңбекті қорғауды өндірістік бақылауды ұйымдастыру -техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.	3. Есептер мен қызметтік жазбаларды жасау қағидалары.
	4. ЕҚЖҚ саласындағы коммуникация және мотивация әдістері мен құралдары.
	5. Өндірістегі электр қауіпсіздігінің жай-күйін бақылау қағидалары.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылмайды
	Дағды 2: Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік бақылауды ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету.
Машықтар:	1. Жұмыскерлерді ЕҚЖҚ саясатымен енгізуге және таныстыруға қатысу.
	2. ЕҚЖҚ бойынша рәсімдер мен нұсқаулықтарды белгілеуге қатысу.
	3. Қауіпсіздік қағидалары мен шаралары бойынша жұмыскерлерге нұсқаулар беру.
	4. Жұмыс орындарын жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге қатысу.
	5. Өрт сөндіру және өрттен қорғау жүйелерін орнату мен қызмет көрсетуді қадағалау.
	6. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалану.
	7. Авариялар мен ақауларды болдырмау мақсатында жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді жүргізуді қадағалау.
	8. Жұмыс орындарында қауіптер мен кәсіптік тәуекелдерге талдау жүргізуге қатысу.
	9. Еңбек жағдайларын бағалауға және профилактикалық іс-шараларды өткізуге қатысу.
	10. ЕҚЖҚ бойынша деректерді есепке алу және талдау үшін ақпараттық жүйелерді пайдалану.
Білімдер:	1. ЕҚЖҚ, әлеуметтік кепілдіктер бойынша, өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының табиғаты және олардың пайда болу көздері, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі саласындағы талаптар бойынша базалық білім.
	2. ЕҚБЖ нұсқаулары мен рәсімдері.
	3. ЖҚҚ тізбесі және олардың сипаттамалары мен қолдану қағидалары.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі: ұсынылады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Қауіпсіздікке жеке бейімділігі; бейімделу және икемділік; аналитикалық қабілеттер; бастамашылық; орындаушылық және сенімділік; креативті көзқарас; байланысқа бейімділік; қарым-қатынас құру; шешім қабылдау; дербестік; стресске төзімділік; жүйелілік; сендіру; командада жұмыс істей білу; кәсіптік адалдық

#### 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

17. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

18. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар): "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Орындаушы: Г.М.Рахимова, +77017705855.

19. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2024 жылғы 19 желтоқсандағы.

20. Кәсіптік біліктілік бойынша ұлттық орган: 2024 жылғы 11 желтоқсандағы сараптамалық қорытынды.

21. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2024 жылғы 11 қарашадағы №14551/30 сараптамалық қорытынды.

22. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1-нұсқа, 2024 жыл.

23. Болжамды жаңарту күні: 2027 жылғы 4-тоқсан.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ